

Береке, байлық – бірлікте!

ҰЛЫТАУ ӨНІРІ

№ 2 (5973) Сенбі, 17 қаңтар, 2015 жыл

Газет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

ӘКІМДЕР ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРДІ



**Елбасының
15 тамыз 2013
жылғы №615 «Әкім-
дердің халыққа есеп
беру кезексүлерін өткі-
зу туралы» Жарлығы-
на сәйкес Қоскөл және
Жанкөпті, Ақмас
селолық округтерінің
әкімдері халық алдын-
ға есеп берді. Есеп беру
жиынына аудан әкімі
Хамит Нұрланұлы
ОМАРОВ, аудан әкімінің
орынбасарлары мен ме-
кеме басшылары және
ауыл халқы
қатысты.
(Жалғасы 2-бетте).**

Қазақстан халқы Ассамблеясына – 20 жыл



*Елбасы XXI ғасырдағы Қазақстанды
талантты, еңбекқор, толерантты
халықтың небәрі екі онжылдықта
«нәлден» бастап құрған елі дейді.
Бұл – шын мәнінде бәріміздің
мақтан тұтатын ортақ жемісіміз.
Қазақстан бүгінде 100-ден аса этнос
пен 14 конфессия өкілдерінің туған
үйіне айналып отыр...*

Ассамблея тарихы — Тәуелсіздігіміздің тарихы

Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан тәуелсіздігін алған кезеңде көптеген саяси сарапшылар елімізде этносаралық қақтығыстар орын алуы мүмкін, ол мемлекеттің қалыптасуына теріс ықпал етеді деп болжаған еді. Алайда, қоғамда демократиялық құндылықтар орнату және азаматтық қоғам құру бағытында батыл іс-қимылға көшкен Қазақстан бейбіт өмір, келісімді қоғам, ынтымақтастық пен бірігу сияқты құндылықтарды алдына негізгі мақсат етіп қойды.

Бұл бағытта Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың басты саясаты қоғамдағы барлық этностардың толықтай құқығы мен бостандығын сақтай отырып, жергілікті, байырғы ұлтқа негізделген жоғары әлеуетті қоғам құру болды. Осы мақсатты көздеп, 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті жанынан консультативті-кеңестік орган ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Сол жылдан бастап, Ассамблея этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асырушы маңызды институт ретінде бағаланып, елімізді мекендейтін барлық этностардың өзара қарым-қатынасын қамтамасыз етуде тиімді құралға айналды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының тиімді әрі жемісті іс-әрекетінің арқасында еліміздегі этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласында бейбітшілік пен келісім үлгісі сақталды. Ассамблеяның тікелей күш салуымен этносаралық қатынастар саласы саясаттан тыс, азаматтық қоғам қалыптастыру мақсатында жұмыс жүргізіліп келеді. Қанатының астына 100-ден астам этностың жиналуы аталған ұйымның «кіші Біріккен Ұлттар Ұйымы» деп аталуына себеп болды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзінде «Біздің Ассамблеяның тарихы – біздің тұрақтылығымыздың тарихы» деп айрықша атап өтуі осының айғағы.

Светлана ГРИГОРОВИЧ,
аумақтық инспекция басшысы.

Оқырманға ойлы сөз

Бізге — 75 жыл

Міне, тағы бір жылды тарихтың қойнауына жіберіп, жаңа бір жылдың табалдырығын аттап отырмыз. Қазақтың жыл қайыруы бойынша бұл жыл – Қой жылы.

Қой деген жануар төрт түліктің ішінде өзінің момақандығымен, берекелілігімен ерекшеленеді. «Мал өсірсең қой өсір, табысы оның көл-көсір» демеуші ме еді шаруа баққан халық. Сол табысы толағай болар қой жылынан елдің үміті зор. Біздің де күтеріміз мол.

Жалпы, қой жылы еліміз үшін де, біз үшін де той жылы болғалы тұр. Биыл бейбітшілікті сүйетін барша ел Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеді. Қазақстанның бірлігі мен ынтымағының берік негізге айналған Қазақстан Халқы Ассамблеясына да 20 жыл толады. Оның сыртында, елімізде «Қазақ хандығының – 550 жылдығы» да салтанатты түрде аталып өтпек. Осы ұлық мерекелермен тұспа-тұс біздің ауданымызда аймағымыздың айнасына айналған төл газетіміз – «Ұлытау өңірінің» 75 жылдығы да тойланғалы отыр.

Осы ғасырға жуық уақыт ішінде «Ұлытау өңірі» шынайы шыңдалу мектебінен өтті. Кешегі «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманнан бастап өтпелі кезеңнің өкпегі соғып тұрған уақытта да оқырмандарынан қол үзген жоқ. Екі ғасырдың жылнамасын жазып, кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдыру жолында уақытпен үндес жүріп келеді.

Рас, небір қиындықтарды бастан өткерді. Шүкір, сол аумалы-төкпелі кезеңнен жүгі аумай, шаңырағы шайқалмай шықты. Қазір Жезқазған-Ұлытау аймағындағы ақпарат айдынында өзіндік бет-бейнесі бар басылымға айналды.

Газеттің тірегі – оның ойлы оқырманы. Бұл тұрғыдан келгенде, біз өз оқырмандарымызға дән ризамыз. Дүниені қымбатшылықтың бұғауы буып тұрғанына қарамастан ауыздарынан жырып, газетімізге жазылып, қатарымыздан қалдырмай келеді. Соңғы жылдары газеттің таралымы өзінің жылдағы деңгейін ұстап отыр. Бұл, әрине, оқырмандарымыздың жанашырлығының арқасы. Орайы келгенде айта кету орынды, газетімізге аудан әкімі Хамит Омаров жанашырлық танытып, жылдағы бюджет «бөлісі» кезінде шөміштен қыспай келеді.

Газетке жазылу науқаны келгенде, әсіресе білім беру, денсаулық сақтау саласының қызметкерлері мен ішкі істер бөлімінің қызметкерлеріне, ауылдар мен кенттердегі қолдаушыларымызға айтар алғысымыз шексіз. Көптеген ЖШС-лар мен мемлекеттік мекемелердің де өз шама-шарқында газет таралымын көбейтуге үлестерін қосып отырғанын айта кету ләзім. Осы орайлы сәтті пайдалана отырып газетке жазылу науқанына жанашырлық танытқан барша азаматтарға, қалың оқырмандарымызға алғысымызды айтамыз. Өрине, газетке жазылу мұнымен аяқталған жоқ. Жыл бойы жалғасатын болады. Өзінің төл басылымына қолдау көрсетіп, жаздырып аламын деген ағайындарға есігіміз қашан да ашық.

Сөзімнің басында айтып өткенімдей, біз биыл 75 жастамыз. Қариялық жасқа қадам басып отырған төл газет өзінің оқырмандары алдындағы міндетін биылғы жылы да мінсіз атқаратын болады. Өткен жылы тамаша бастамалармен қалың оқырманның көз қуанышына айналған «Ұлытау өңірі» биыл да тың тақырыптарға қалам тербеп, елдің көздегені мен көкейіндегісін деп басуға тырысатын болады деп сендіреміз.

Жаңа жылда жазар жаңалығымыз көп болғай!

Елтынды ДҮЙСЕНБАЕВ,
«Ұлытау өңірі» газетінің директоры-Бас редакторы.



ҰЛЫТАУ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ

2014 жылғы 2 желтоқсан

№02

ҰЛЫТАУ АУДАНЫНДА ТҰРАТЫН 1998 ЖЫЛЫ ТУҒАН АЗАМАТТАРДЫ 2015 ЖЫЛЫ ҚАҢТАР-НАУРЫЗ АҰЛАРЫ КЕЗЕҢІНДЕ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ УЧАСКЕСІНЕ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ

ҚР-ның 2001 жылғы 23 қаңтадағы «ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, ҚР-ның 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына және ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №859 қаулысына сәйкес, Ұлытау ауданының әкімі **шешім етті:**

1. 1998 жылы туған азаматтарды Ұлытау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскерге шақыру учаскесіне әскери есепке тіркеу жұмыстары 2015 жылдың қаңтар-наурыз айлары кезеңінде жүргізілсін.

2. «Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» республикалық ММ-нің басшысы Ербол Өткелбаевқа (келісім бойынша):

1) ауданның ұйымдарында,

мекемелерінде, кәсіпорындарында жұмыс істейтін тіркеуге жататын азаматтардың тізімін сұратып алу;

2) азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру шаралары жөнінде аудан әкіміне ұсыныс берсін;

3) аудандағы барлық орта мектептерінде жоғары әскери оқу орындарына түсу үшін үгіт-насихат жұмысын жүргізсін.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Ақышбековке жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
Х.ОМАРОВ

КЕЛІСІЛДІ:
2014 жыл 2 желтоқсан «Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» Республикалық ММ-нің басшысы **Е.Өткелбаев.**

РЕШЕНИЕ УЛЫТАУСКОГО РАЙОНА АКИМАТА

2014 год 2 декабря

№02

О приписке граждан 1998 года рождения проживающих в Улытауском районе к призывному участку в период январь-март месяцы 2015 года

В соответствии с Законом РК от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в РК», Законом РК от 16 февраля 2012 года «О воинской службе и статусе военнослужащих и постановлением Правительства РК от 27 июня 2012 года №859 «Об утверждении Правил ведения воинского учета военнообязанных и призывников», аким Улытауского района **решил:**

1. Осуществить работу по проведению приписки на воинский учет граждан 1998 года рождения к призывному участку отдела по делам обороны Улытауского района в период январь-март месяцы 2015 года.

2. Начальнику республиканского государственного учреждения «Отдел по делам обороны Улытауского района Карагандинской области» Уткельбаеву Ерболу (согласовано):

1) запросить списки подлежащих к приписке граждан работа-

ющих в организациях, учреждениях и предприятиях района;

2) представить предложения акиму района по организации мероприятий по приписке граждан к призывному участку;

3) провести агитационную работу во всех средних школах для поступления в высшие военные учебные заведения.

3. Контроль за исполнением данного решения возлагается на заместителя акима района Акишбекова Берика Базыловича.

4. Данное решение вводится в действие по истечении 10 дней со дня официального опубликования.

Аким района
Х.ОМАРОВ

СОГЛАСОВАНО:
2 декабря 2014 год Начальник республиканского ГУ «Отдел по делам обороны Улытауского района Карагандинской области **Е.Уткельбаев.**

ӘКІМДЕР ЕСЕП БЕРДІ

Альмира МАҚСҰТҚЫЗЫ



(Соңы. Басы 1-бетте).

2014 жылдың қортындысына сәйкес, Ұлытау ауданы бойынша кент, село әкімдерінің халыққа есеп беру кездесулері өткізілуде. 2015 жылдың 14 қаңтар күні Қоскөл және Жанкелді селолық округінде, 15 қаңтар күні Ақтас кентінде әкімдердің халық алдында есеп беру кездесулері өтті. Есеп беру жиынында селолық округтердің даму бағыты, атқарылған жұмыстары және алдағы жоспарлар жайлы сөз қозғалды. Әкімдердің есеп беру жиынына аудан әкімі Қоскөл селолық округі бойынша ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбек және шығармашылық үлестері үшін Ұлытау ауданы әкімі Омаров Хамит Нұрланұлының «Алғыс хатымен» ауыл ақсақалы Мақа-

шов Ақмал марапатталды.

Ауыл шаруашылығы саласын дамытудағы жетістіктері мен ауданның экономикасын көтеруге қосқан үлесі үшін Забидин Абылай Тұрсынұлына Ұлытау ауданының 2014 жылғы «Үздік шопан» атағы берілді.

Жанкелді селолық округі бойынша ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбек және шығармашылық үлестері үшін Ұлытау ауданы әкімі Омаров Хамит Нұрланұлының «Алғыс хатымен» ауыл ақсақалы Құлманов Кеншімбай марапатталды. Осындай мәтінде «Алғыс хатпен» «Гүлзира» жеке кәсіпкерлігінің иегері Жаналинов Әлімжан Өте-

Мерейтой

АСЫЛ АЗАМАТ АЛПЫСТА

Арамызда өзінің адал қызметімен, елге сіңірген еңбегімен халықтың алғысын алып, абыройға бөленіп жүрген азаматтарымыз баршылық. Солардың бірі жаны жайсаң, үлкен жүректі, әділдікті, адалдықты ту еткен тұғыры биік, кесек тұлға Әбдібек Тұрсынбайұлы Алтайбеков. Ол өзінің саналы ғұмырында халқына адал қызмет етті. Көп жылдар басшылық қызметте істеді. Он жылдан астам Мибұлақ селолық округінің әкімі болып ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлесін қосып, ауыл тұрғындарының жағдайын жақсартуда тынымсыз да, тыңғылықты қызмет етті.

Әбдібек әкімдікті нарықтық экономиканың қисапсыз қиындықтары құрсаулап, тапшылық табан тіреп, ауылды жұмыссыздық жайлап тұрған ауыр кезеңде бастаған еді. Әрине, оңай болған жоқ. Елге жағдай жасау, құлдырап кеткен ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру, халықты ауылға тұрақтандыру, т.б. да күрделі міндеттерді жүзеге асыру қажет еді.

Әбдібек Тұрсынбайұлы қиыны қашқан істерді қиыластырып, ауыл халқының еңсесін түсірмей, қисайғанды түзетіп, өзінің іскерлігі мен қабілетінің, Алланың берген қуатының арқасында қиындықтарды жеңе отырып, ауыл тұрғындарына тапшылық тауқыметін тартқызбай бүгінгі жарқын болашаққа, бақытты күнге, молшылыққа жетуіне өзіндік ықпал етті.

—Ауыл тұрғындары жағдайының жақсаруы, осындай молшылыққа жетуі ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы, алысты болжайтын көреген көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаевтың кеменгер басшылығы мен кемел саясатының арқасы. Егемендіктің алғашқы жылдарында құлдырап кеткен ауылшаруашылығын көтеруге

баса назар аударып, «Ауыл жылын» жариялады. Бұл ауылдың қайта түлеуіне пәрменді қамқорлық болды. Біз, әкімдер, Елбасы алға қойған міндеттерді жүзеге асыруға күш-жігерімізді, білімімізді жұмсадық,—дейді Әбдібек Тұрсынбайұлы.

Қалай болғанда да Ә.Алтайбековтің Мибұлақ ауылының жағдайын жақсартуға, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, ел байлығын молайтуға қосқан үлесі елеулі.

Кім бар дейсің дүниені түгендеген, Түгендеймін дегенмен түк өнбеген. Аялдамай зымырап өтіп жатқан, Уақытты жан бар ма жүгендеген—деген зымырап өтіп жатқан уақытқа ілескен Әбдібек те міне, алпыстың асқарына шықты. Осы мақаланы алпыстың алғашқы баспалдағын басып, есігін айқара ашып тұрған азаматты құттықтай отырып:

Еңбегімен алған талай биікті,
Халқына болды Әбдібек сүйікті.
Елдің асыл азаматы ардақты,
Алпыс деген жастың тәжін киіпті.
Үлкенге іні, кішілерге ағасын,
Халық берген саған жақсы бағасын.
Сенің мұндай жақсы азамат болуың,
Тегін емес, текті жер ғой нағашың.
Елуді сырып тастадың,
Алпыстың алдың асқарын
Қосағыңмен қоса ағар,
Ашық болсын аспаның.
Жетпіс, сексен, тоқсаннан,
Тілейміз жасың асқанын.
Денсаулығың мықты боп,
Болсын мәңгі жас жаның,— деп мақаламды аяқтаймын.

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Имандылық иірімі

Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим! Құрметті мұсылман бауырлар! Адамзаттың адаспай Ұлы иесін табуы үшін ғалам атты алып кітап жаратып, ондағы әрбір жаратылысты өзінің құдайлығы паш етер жеке-жеке мөр, құдіреті мен шеберлігін нақыштаған бөлек-бөлек өрнек етіп безендірген Алла Тағалаға шексіз мадақ арнап, жан-тәнімізбен мақтау айтамыз. Осынау ғалам атты алып кітапты адамзаттың қатесіз оқуы һәм ақ пен қараны ажыратып, жаратылуындағы асыл міндеті мен мақсатын айқындауы үшін қолына Құран атты пәрмен беріліп, арнайы елші етіп жіберілген жаратылыстың гүлзары, хақтың сүйікті құлы – соңғы Пайғамбар, ұлы ұстаз Мұхаммедке (с.ғ.с.) сансыз сәлем жолдап, шын жүректен салауат айтамыз. Сондай-ақ, Алла елшісінің (с.ғ.с.) пәк отбасы мен ардақты сахабаларына жаратқанның игілігін тілейміз.

Құдіретімен бүкіл ғаламды жаратқан, жоқтан бар етуші, барды жоқ ете алушы, кешірімді, өзіне құлшылық етіп, жақсылықты басшылыққа алатын құлдарын өз мейірімі мен кеңшілігіне бөлеуші Алла Тағала, адамзат баласының жанын қараңғылықтан сақтап, жәннатқа жол көрсетуші құранды беріп, сол құран мен амал етушілерді сүйіп, жәннатпен сүйіншілеуші ғалам иесі Жаратқан иеміз Алла Тағалаға құлшылық ету, разылығын үмітпен күтіп, іздеу адамзат баласына парыз. Сол құран, адамзат баласына, тура жол әрі мол нығмет берекемен тәнімізге шипа, әрі түрлі пәледен сақтаушы.

Расулұллаһ (с.ғ.с.) айтады: «Бақара» сүресінің соңғы екі аятын оқыған адам таң атқанға дейін түрлі пәледен аман болады». Хадисті: Әбу Масуд Әл-Ансариден (р.а.) имам Тирмизи риуаят етті.

Расулұллаһ (с.ғ.с.) айтады: «Мұсылман пенде төсекке жатқанда Хақ Тағаланың кітабынан бір сүре оқыса, Алла Тағала оған бір періштені өкіл етеді. Кейін ол пенде оянбайынша, оған зиянды ешнәре жоламайды». Хадисті: Шаддад ибн Анустан (р.а.) имам Тирмизи риуаят етті.

Расулұллаһ (с.ғ.с.) айтады: «Түнде жүз аят оқыған адам конитиндерден болады». Хадисті: Әбу һұрайрадан (р.а.) имам Әл-Хаким риуаят етті. Түсініктеме: (Конитиндерден – яғни, құдайшыл, діндарлардан).

Нәби (с.ғ.с.) айтады: «Түнде он аят оқыған адамға бір кинтар жазылады. Ал, бір кинтар дүние мен ондағы барлық нәрседен артық». Хадисті: Фадалә ибн Убайд пен Тамим Ад-Дариден (р.а.) имам Табарони риуаят етті.

Расулұллаһ (с.ғ.с.) айтады: «Түнде он аят оқыған адам ғапылдар қатарында жазылмайды». Хадисті: Әбу һұрайрадан (р.а.) имам Әл-Хаким риуаят етті.

Расулұллаһ (с.ғ.с.) айтады: «Ақиқатында, мен түнде келген ашарилік жолаушыларды, олар Құран оқығанынан білемін. Сонымен қатар, ашариліктер күндіз

лық бүліктен аман болады. Егер Дәжжел шықса, одан да қорғаларды». «Тафсиру ли ибни кәсир».

Расулұллаһ (с.ғ.с.) айтады: «Кім «Кәһф» сүресін, ол түсіріл-

келіп тұрақтаған жерін, ол жерді көрмесем де, олардың Құран оқығанын білемін». Хадисті: Әбу Мұсадан (р.а.) Мүслим риуаят етті. Түсініктеме: (Ашарилік – Ашари – тайпа атауы).

Нәби (с.ғ.с.) айтады: «Түннің соңғы бөлігінде ұйықтап қалудан қауіптенген адам, үтір намазын түннің әуелгі бөлігінде оқысын. Үтір намазын түннің соңғы бөлігінде оқимын деп ниеттенген адам, үтірді сол кезде оқығаны абзал. Өйткені, сол уақытта оқыған намазға періштелер куә болады». Хадисті: Жәбірден (р.а.) имам Тирмизи риуаят етті. «Кәһф» сүресінің бастапқы үш аятын оқыған адам Дәжжелдің бүлігінен аман болады». Риуаяттың бірінде: «Кәһф» сүресінің соңғы он аятын» деп айтылған. Хадисті: Әбу Дардадан (р.а.) имам Мүслим риуаят етті. «Біреудің «Кәһф» сүресінің соңғы он аятын оқығаны, ол үшін Дәжжелден қорғаныш болады» Хадисті: Сәубаннан (р.а.) имам Нәсеи риуаят етті. Әли (р.а.) Нәбиден (с.ғ.с.) риуаят етеді: «Жұма күні «Кәһф» сүресін оқыған адам сегіз күнге дейін бар-

гендей оқыса, сол оқығаны қиямет күні ол үшін өзі өмір сүрген жерінен Меккеге дейін созылған нұрға тең нұр болады. Ал, сол «Кәһф» сүресінің соңғы он аятын оқығаннан кейін шыққан Дәжжел оған билік ете алмайды». Хадисті: Әбу Саид Әл-Худриден (р.а.) имам Әл-Хаким риуаят етті.

Расулұллаһ (с.ғ.с.) айтады: «Бақара» сүресі – Құранның шыны. Оның әрбір аятымен сексен періште түсірілді. Ал «Аятүл-Курси» аршының астынан шығарылып, кейін «Бақара» сүресіне қосылды. «Ясин» сүресі – Құранның жүрегі. Оны Алла Тағаланың дидаһы және ақирет үшін оқыған адамның күнәсі міндетті түрде кешіріледі.

«Ясин» сүресін өлім төсегінде жатқан адамға оқындар». Хадисті: Мақил ибн Ясардан (р.а.) имам Ахмад риуаят етті. Түсініктеме: «Аршының астынан, яғни, Хақ Тағаланың қазынасынан».

Расулұллаһ (с.ғ.с.) айтады: «Түнде Алла Тағаланың дидаһы үшін «Ясин» сүресін оқыған адамның күнәсі кешіріледі». Хадисті: Әбу һұрайрадан (р.а.) имам ибн Хиббан риуаят етті.

Абдуллаһ ибн Масуд (р.а.) айтады: «Мен Нәбидің (с.ғ.с.) былай дегенін естідім: «Әр түні «Уақиға» сүресін оқыған адам кедейлікке ұшырамайды». Хадисті: Абдуллаһ ибн Масудтан (р.а.) имам Байһақи риуаят етті.

Жәбир (р.а.) айтады: «Нәби (с.ғ.с.) «Сәжде» және «Мүлік»

оны қабір үстіне құрғанымды білмедім. Бір кезде қабірдің ішінде біреу «Мүлік» сүресін түгел оқығанын естідім», дегенде, Нәби (с.ғ.с.): «Ол сүре қабір азабынан сақтап, құтқарады» деді». Хадисті: ибн Аббастан (р.а.) имам Тирмизи риуаят етті.

Абдуллаһ ибн Масуд (р.а.) айтады: «Адам қабірге қойылғанда, оның аяқ жағынан азап келеді. Сонда оның екі аяғы: «Менің тарапымнан сендерге жол жоқ. Себебі, ол менімен тұрып, «Мүлік» сүресін оқитын», деп айтады. Азап кеудесі немесе іші тарапынан келсе, ол: «Менің тарапымнан сендерге жол жоқ. Өйткені, ол менімен «Мүлік» сүресін оқитын», дейді. Азап бас жақтан келсе, ол: «Мен жақтан сендерге жол жоқ. Себебі, ол менімен «Мүлік» сүресін оқитын, дейді. Бұл сүре – қабір азабынан қорғаныш. Тәуратта да оны «Мүлік» деп атаған. Оны түнде оқыған мол, яғни мол сыйға жеткізеді». Хадисті: Абдуллаһ ибн Масудтан (р.а.) имам Әл-Хаким риуаят етті.

Расулұллаһ (с.ғ.с.) айтады: «Қиямет көрінісін көргісі келген адам «Шамс», «Инфитар» және «Иншиқак» сүрелерін оқысын». Хадисті: ибн Омардан (р.а.) имам Тирмизи риуаят етті. «Зилзәлә» сүресі Құранның жартысына, «Ықылас» сүресі Құранның үштен біріне, ал, «Кәфирун» сүресі Құранның төрттен бір бөлігіне тең». Хадисті: ибн Аббастан (р.а.) имам Тирмизи риуаят етті. Түсініктеме: «Зилзәлә» сүресі, имам Әт-Тойби айтады: «Құранда адамның екі дүниесі жайында әңгімелесе, «Зилзәлә» сүресінде адамның нақты қиямет күніндегі ахуалы баян етілген» («Әл-Мирқат», 4/367).

Имам Әт-Тойби айтады: «Ықылас» сүресі нақты хақ Тағаланың сипаттамасына қатысты («Әл-Мирқат», 4/367). «Кәфирун» сүресі өзіне таухид мәселесін қамту себебінен, ол Құранның төрттен бір бөлігіне тең деуге болады («Әл-Мирқат», 4/367).

Ибн Омар (р.а.) айтады: «Расулұллаһ (с.ғ.с.): «Сендердің қайсыбірің күніне мың аят оқи алады? деп сұрағанда, сахабалар (р.а.): «Оған кімнің шамасы жетеді?», деді. «Сендердің біреуіңнің де «Тәкәсур» сүресін оқи алмағаны ма?» – деді Пайғамбарымыз (с.ғ.с.). Хадисті: ибн Омардан (р.а.) Әл-Хаким риуаят етті.

С.ОРЫНБАЕВ,
Ұлытау аудандық мешітінің бас имамы.



Жандос есімді интернет пайдаланушы азамат жалаңаш жүруге қатысты кілең «ж» әрпінен басталатын сөздерден мәтін жазыпты. Осыны назарларыңызға ұсынамын.

Жан-жағымызды жартылай жалаңаш, жарымжандар жайлаған, жабайылардың жанында жүргендейміз. Жартылай жалаңаштыққа желігу жақсылыққа жеткізбейді. Жалпы, жұрттың жамалының жалаңаштығынан жанымның жалаңаштығы жаман. Жаратушының жақсылықтарынан жиреніп, жануардан жаман жүгенсіздік жолымен жүру жамандықтың жегіне жеткізді. Жалаңаштану – жезөкшелік жолы. Жартылай жалаңаштануға жандары жақындар – жамандыққа жандары жақын жандар. Жалаңаштанудан

Жаманнан жирен ЖАЛАҢАШ ЖҮРУ және ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ

жиренбейтіндердің жанын жындар жайлағандай...

Жақсы жандар «жылтырағын» жылтыратып жарнамаламай, жамалын жамылғымен жасырады. Жүрегіне Жаратушының жылуы жеткен жандар жәннатта жадырайды. Жанын және жамалын жалаңаштағандар жәһаннамда жазаланады. Жәһаннамның жалыны жүзін жапқанда, жалғандағы жымысқылықтары және

жақсылықтан жырақтап, жамандыққа жақын жүруі жанын жегідей жеп, жалындағы жанып жатқан жүйкесін жұқартады.

Жақсылық – жамандықтың жағдайын жастарға жеткізу жауапты жүк. Жалпы жағдайымыз жан жылатарлық. Жанымызға жылу жетпейтіндей... Жақсылықтан жұрдай жандар жан-жағымызды жайлап жүр. Жанымызға жылу жинаудан жасқануымыз

жақсылыққа жатпайтын жағдай. Жақсылықтың жолында жұмылмасақ жүгенсіздікке «жүгенделіп», жалаңаштықпен жанымызды жаралап, жанымызды жанып жатқан жалынға жібергеніміз. Жабайылардың жамандығын жанымызға жолатпай, жақсылардың жолымен жүрейік! Жастарымызды жалаңаштық жолына жібермейік! Жөн жүрмесек жырымдалады. Жақсылықты жандарыңызға жеткізуге жұмыс жасадық. Жақсылыққа жорып, жандарыңызға жылу жинап, жүректі жібітудің жолына жөнелсеңіздер жақсылыққа жетесіздер!

Жаратушымыз жүрегімізді жақсылыққа жұмылдырып, жамандықтан жырақтатсын! Жалаңаштықтан жырақтамайынша жұртымызға жақсылық жоқ!

Дайындаған
Төшен ЕСІМСЕЙІТҰЛЫ.

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ КАУЛЫСЫ

31 қазан, 2014 жыл

№ 30/01

«Ұлытау ауданы Қаракеңгір ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жер-гілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2000 жылғы 27 қарашадағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы», 2013 жылғы 7 наурыздағы № 523 «Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Жарлықтарына сәйкес, Ұлытау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қоса берілген «Ұлытау ауданы Қаракеңгір ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Ұлытау ауданы әкімі аппаратының басшысы Е.Өткелбаевқа жүктелсін.
- Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудан әкімінің
міндетін атқарушы****М. ОСПАНОВ**Ұлытау ауданы әкімдігінің
2014 жылғы «31» қазан
№ 30/01 қаулысымен бекітілген**«ҰЛЫТАУ АУДАНЫ
ҚАРАКЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ****1. Жалпы ережелер**

- «Ұлытау ауданы Қаракеңгір ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мемлекеттік мекеме) мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын және орындайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
- Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
- Мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
- Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
- Мемлекеттік мекеме егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
- Мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
- Мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
- Заңды тұлғаның орналасқан жері: 101500, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Қаракеңгір ауылы, Орталық көшесі, 1.
- Мемлекеттік мекеменің толық атауы:
мемлекеттік тілде - «Ұлытау ауданы Қаракеңгір ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;
орыс тілінде - государственное учреждение «Аппарат акима Каракенгирского сельского округа Улытауского района».
- Осы Ереже Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.
- Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.
- Мемлекеттік мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен Мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Мемлекеттік мекемеге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік мекеменің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

- Мемлекеттік мекеменің миссиясы: мемлекеттік басқару саласында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саясатты жүргізу.
- Міндеттері:
 - аудан әкіміне ақпараттық және талдау сипатындағы құжаттарды дайындау;
 - нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау және оларды әділет органдарына мемлекеттік тіркеуге уақытылы жолдау;
 - Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, облыс әкімінің, аудан әкімінің актілерін іске асыру;
 - заңнамамен жүктелген өзге де тапсырмаларды орындау.
- Функциялары:
 - өтініштерді, хаттарды қарау және заңмен белгіленген тәртіпте жауаптар дайындау;
 - аудан әкімі номенклатурасына сәйкес кадр резервін құру;
 - мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыру;
 - Мемлекеттік мекеменің жүргізуіне қатысты мәселелер бойынша хат алмасуды жүргізу.
- Құқықтары мен міндеттері:
 - жиналыстарды өткізу тәртібін ұйымдастырады, аудан әкімдігінің отырыстарына қатысады;
 - Мемлекеттік мекеме қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етеді;
 - халықтың арасында өзекті мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдайды;
 - Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, осы Ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік мекеменің қызметін ұйымдастыру

- Мемлекеттік мекеме басшылықты мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.
- Мемлекеттік мекеменің басшысын Ұлытау ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.
- Мемлекеттік мекеме басшысының өкілеттігі:
 - Мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;
 - Мемлекеттік мекеменің атынан өрекет етеді;
 - сенімхаттарды береді;
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте Мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;
 - өз құзыреті шегінде өкімдер шығарады, қызметтік құжаттамаға қол қояды;
 - Мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;
 - Мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
 - азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады;
 - коммуналдық мүлктің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді.
- Мемлекеттік мекеме басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындау қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлғамен жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік мекеменің мүлкі

- Мемлекеттік мекеменің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.
- Мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.
- Мемлекеттік мекеме бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.
- Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Мемлекеттік мекеме, өзіне бекітілген мүлкті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлкті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату

- Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**АКИМАТ УЛЫТАУСКОГО РАЙОНА
ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

31 октябрь, 2014 год

№30/01

**Об утверждении Положения государственного учреждения
«Аппарат акима Каракенгирского сельского округа Улытауского района»**

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 27 ноября 2000 года «Об административных процедурах» и Указами Президента Республики Казахстан от 29 октября 2012 года № 410 «Об утверждении Типового положения государственного органа Республики Казахстан», от 7 марта 2013 года № 523 «Об утверждении Реестра должностей государственных служащих», акимат Улытауского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Утвердить прилагаемое Положение государственного учреждения «Аппарат акима Каракенгирского сельского округа Улытауского района».
- Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на руководителя аппарата акима Улытауского района Уткельбаева Ерлана Сериковича.
- Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Исполняющий обязанности
акима района****М. ОСПАНОВ**Утверждено постановлением акимата Улытауского района
от «31» октября 2014 года № 30/01**ПОЛОЖЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ
«АППАРАТ АКИМА КАРАКЕНГИРКОГО СЕЛЬСКОГО
ОКРУГА УЛЫТАУСКОГО РАЙОНА»****1. Общие положения**

- Государственное учреждение «Аппарат акима Каракенгирского сельского округа Улытауского района» (далее – Государственное учреждение) является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим и выполняющим функции государственного управления.
- Государственное учреждение, осуществляет свою деятельность, в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.
- Государственное учреждение является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печати и штампы со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца, в соответствии с законодательством Республики Казахстан счета в органах казначейства.
- Государственное учреждение вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.
- Государственное учреждение имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством.
- Государственное учреждение по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами руководителя Государственного учреждения и другими актами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.
- Структура и лимит штатной численности Государственного учреждения утверждаются в соответствии с действующим законодательством.
- Местонахождение юридического лица: 101500, Карагандинская область, Улытауский район, село Каракенгир, улица Орталык, 1.
- Полное наименование Государственного учреждения:
на государственном языке – «Ұлытау ауданы Қаракеңгір ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі;
на русском языке - государственное учреждение «Аппарат акима Каракенгирского сельского округа Улытауского района».
- Настоящее Положение является учредительным документом Государственного учреждения.
- Финансирование деятельности Государственного учреждения осуществляется из республиканского и местного бюджета.
- Государственному учреждению запрещается вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями Государственного учреждения.
- Если Государственному учреждению законодательными актами предоставлено право осуществлять приносящую доходы деятельность, то доходы, полученные от такой деятельности, направляются в доход государственного бюджета.

**2. Миссия, основные задачи, функции, права и обязанности
Государственного учреждения**

- Миссия Государственного учреждения: ведение государственной политики в сфере государственного управления в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.
- Задачи:
 - подготовка документов информационного и аналитического характера для акима района;
 - подготовка проектов нормативных правовых актов и своевременное направление их на государственную регистрацию в органы юстиции;
 - реализация актов Президента, Правительства Республики Казахстан, акима области, акима района;
 - осуществление иных задач, возложенных законодательством.
- Функции:
 - рассмотрение заявления, писем и подготовка ответов в установленном законом порядке;
 - создание резерва кадров в соответствии с номенклатурой акима района;
 - осуществление реализации государственной политики;
 - ведение служебной переписки по вопросам, отнесенным к ведению Государственного учреждения.
- Права и обязанности:
 - организует порядок проведения совещания, участвует в заседаниях акимата района;
 - обеспечивает освещение деятельности Государственного учреждения в средств массовой информации;
 - организует разъяснительные работы по актуальным вопросам среди населения;
 - принимает меры по противодействию коррупции;
 - осуществляет иные полномочия в соответствии с законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, настоящим Положением.

3. Организация деятельности Государственного учреждения

- Руководство Государственного учреждения осуществляется руководителем, который несет персональную ответственность за выполнение возложенных на Государственное учреждение задач и осуществление им своих функций.
- Руководитель Государственного учреждения назначается на должность и освобождается от должности акимом Улытауского района.
- Полномочия руководителя Государственного учреждения:
 - утверждает планы работ Государственного учреждения;
 - действует от имени Государственного учреждения;
 - выдает доверенности;
 - в установленном законодательством порядке поощряет работников государственного учреждения и налагает на них дисциплинарные взыскания;
 - издает распоряжения, подписывает служебную документацию в пределах своей компетенции;
 - утверждает внутренний трудовой распорядок Государственного учреждения;
 - осуществляет контроль за соблюдением Закона Республики Казахстан «О государственной службе» в Государственном учреждении;
 - осуществляет личный прием граждан;
 - осуществляет иные полномочия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан;
 - несет персональную ответственность за исполнение антикоррупционного законодательства;
 - обеспечивает контроль за использованием и сохранностью коммунального имущества.
- Исполнение полномочий руководителя Государственного учреждения в период его отсутствия осуществляется лицом, его замещающим в соответствии с действующим законодательством.

4. Имущество Государственного учреждения

- Государственное учреждение может иметь на праве оперативного управления обособленное имущество в случаях, предусмотренных законодательством. Имущество Государственного учреждения формируется за счет имущества, переданного ему собственником, а также имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности и иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.
- Имущество, закрепленное за Государственным учреждением, относится к коммунальной собственности.
- Государственное учреждение не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выданных ему по плану финансирования, если иное не установлено законодательством.
- 5. Реорганизация и упразднение Государственного учреждения**
- Реорганизация и упразднение Государственного учреждения осуществляются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Бесінші сайланған Ұлытау аудандық мәслихаты депутаттарының сайлаушыларқы 2015 жылға арналған қабылдау кестесі

1.Сейтбеков Мешитбек

Қоскөл селосы, мектеп ғимараты, әр айдың бірінші сәрсенбі күні, сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін, тел.: 8(71041)31030

Жанкелді селосы, әкімшілік ғимараты, әр айдың бірінші сенбі күні, сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, тел.: 8(71041)23211, 23278

№1 Байқоңыр сайлау округі

Шекаралары: Жанкелді ауылының орталығы- Қоңырат, Маңдай, Әбіл, Байғұла, Сарысай, Ақжар, Лақпай, Шеңбер, Қалыбай, Мырзағұл, Демеубай, Ақши, Миябай,Тоқсанбай, Аяпберген, Тасыбай, Мешіт, Талдықұдық елді мекендері, Қызылүй, Мейірман, Аманкелді, Мешіт, Сарыайғыр, Досан, Тоқболат, Көкөлең, Алакөл, Күйгенбидайық, Қоға, Бөрі, Жамантабан, Үшқарасу, Өубөкір, Ақшолақ, Ботантай, Бүкір, Қызылтам, Ораз, Бекет елді мекендері Қызылүй, Мейірман, Аманкелді, Мешіт, Сарыайғыр, Досан, Тоқболат, Көкөлең, Алакөл, Күйгенбидайық, Қоға, Бөрі, Жамантабан, Үшқарасу, Өубөкір, Ақшолақ, Ботантай, Бүкір, Қызылтам, Ораз, Бекет елді мекендері, Қоскөл ауылының орталығы Нарөлген, Киік, Доңыз, Алтықұл, Қоңыртөбе, Кішікиік, Город, Шонтай, Құлжанбай, Үрпек, Бапан-1, Бапан-2, Бапан-3, Шортанбай, Ақсақал, Зортөбе, Мешіт-1, Мешіт-2, Қитар -1, Қитар -2, Қосбармақ, Мойнақ, Ақбекет, Кәрікөң, Таңқы, Ешкіқұм, Қоскөң, Шонқабай, Бескепе, Түгіскен, Сарназар, Ақжайлау-1, Ақжайлау-2, Қосқұдық, Жынғылдыкөн-1, Жынғылдыкөн -2, Көктал, Ақшелек, Сарыөзек елді мекендері.

2.Жанибеков Смагул Каримович

Борсеңгір селосы, әкімшілік ғимараты, әр айдың бірінші сәрсенбі күні, сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін, тел.:8(71034)23505,23578

Мибұлақ селосы, әкімшілік ғимараты, әр айдың бірінші сенбі күні, сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, тел.: 8(71041)23602

№ 2 Жетіқоңыр сайлау округі

Шекаралары: Борсеңгір ауылының орталығы, Казтранской елді мекені, Мибұлақ ауылының орталығы, Баймырза елді мекені, Ақкеңсе, Тезекбай елді мекендері, Қарақойын, Алақай елді мекені.

3.Ақшалов Мырзабек Аманбекович

Жыланды селосы, «Сарысу» шаруашылығы, әр айдың бірінші сәрсенбі күні, сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, тел.:8(71034)23325

№3 Сарысу сайлау округі

Шекаралары: Борсеңгір ауылдық округіне қарасты Сарықамыс, Сквajiна, Қызылүй, Күйгенбаз, Қарасу, Бөройнақ, Салденбек, Жаңабаз, Сымтас, Тобылғылы, Шұбарқұдық, Жиделі елді мекендері, Жыланды ауылының орталығы, Қосқұдық, Түйемойнақ, Шекара, Үштоған, Қосапан, №280 разъезд, Қарабидайық-1, Арай, Қарабидайық-2 елді мекендері, Тасоба, Қазбек, Тобылғылы, Ерубай, Ақыстау, Райыс, Тірсек, Көктабан-1, Көктабан-2, Көктабан-3, Қаражігіт, Ахмет-1, Ахмет-2, Табан, Күлен, Қараоба елді мекендері.

4.Жалбыров Идирис Баркенович

Жезді кенті, Жезді мектеп-интернаты, әр айдың бірінші сәрсенбі күні, сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, тел.: 8(71034)21695

№ 4 Жезді сайлау округі

Шекаралары: Жезді кентінің орталығындағы Ақмолда батыр, Бұлқышев, Иманжанов, Құттымбетов, Құттыбаев, Кеншілер, Оңжағалау, Тоқтыбаев көшелері.

5.Умбетов Шаяхмет

Жезді кенті, Құттымбетова көшесі 39 үй, әр айдың бейсенбі күні, сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін, 3 бөлме, тел.: 21524

№5 Сәтпаев сайлау округі

Шекаралары: Жезді кентінің Есентоғай Живов, Көкбұлақ, Сәтпаев, Стройка-110, Сансызбаев көшелері.

6.Маткенов Мурат Кадерович

Қарсақпай кенті, Қарсақбай металлургия зауыты, әр айдың бірінші сәрсенбі күні, сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, тел.: 8(71034)23106

Жезді кенті, әкімшілік ғимараты, әр айдың бірінші сенбі күні, сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін, тел.: 8(71034)21550,21667

№ 6 Қарсақпай сайлау округі

Шекаралары: Қарсақпай кентінің орталығындағы - Сатпаев, Жосалы, Маткенов, Деев көшелері және Жандос, Бет, Майтөбе елді мекендері және Жезді кентінің Байытушылар, Мостовой көшелері, Жезді кентінің Байытушылар, Мостовой көшелері

7.Кожасова Улмекен Касеновна

Қарсақпай кенті, отбасылық дәрігерлік ғимараты, әр айдың бірінші сәрсенбі күні, сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін, тел.: 8(71034)23163

Жезді кенті, әкімшілік ғимараты, әр айдың бірінші сенбі күні, сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, тел.: 8(71034)21550,21667

Ақтас кенті, әкімшілік ғимараты, әр айдың бірінші сенбі күні, сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін, тел.: 8(71041)20020

№ 7 Балбырауын сайлау округі

Шекаралары: Ақтас кентінің орталығы, Пионер, Түйемойнақ, Жаубасар, Қарпық, №84 жолбекеті елді мекендері.

Қарсақпай кентінің орталығындағы Байтасов, Болман ақын көшелері, Сейт, Тұяқ, Қаратөбе, Әбжапар, Жарық, Жанәділ, Қарашық, Шотыбас, Қумола, Аралкөң, Көпжан, Атан, Қозыбақ, Сарин, Тілеулі.

Жезді кентінің Абай, Қожабай көшелері, Өрнек елді мекені.

8.Каражоргин Балгабек Муталович

Сарлық селосы, әкімшілік ғимараты, әр айдың бірінші сәрсенбі күні, сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, тел.:23133,23179

Ұлытау селосы, аудандық мәслихаттың мәжіліс залы, әр айдың бірінші бейсенбі күні, сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін, тел.:21110,21377

Шеңбер селосы, әкімшілік ғимараты, әр айдың бірінші жұма күні, сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, тел.: 8(71041)32010

№8 Аманкелді сайлау округі

Шекаралары: Сарлық селосының орталығы, Қосқонған, Ақшал, Үмбет, Досжан, Түкпір, Усабай, Әділбай, Ақпанбет, Көлбай, Қозыбек, Баршынбай, Қаратал, Кененбай елді мекендері, Қорғантас, Дара, Боздақ, Айбас, Әмір, Тоқсейіт, Мән, Сәмбет, Шаухар, Аққошқар, Итауыз, Обалы, Екіаша, Нәдірбай, Шәлтік, Сарытау, Мыңбай, Бақатас елді мекендері

Ұлытау ауылдық округіне қарасты Қызылүй елді мекені мен сол маңайдағы қыстақтар Қорғасын ауылының орталығы Дүйсен, Оспан, Қызылшың, Малмола, Жекешат-1, Жекешат-2, Жамантас, Исалық, Нұрман, Есенбек, Алтуайт, Көксу, Қушоқы, Тоғызқұдық, Байтілеу елді мекендері

Үңгірлі, Аралбай, Ақтастау, Бақалы, Домбығұл, Шонтық, Итауыз, Көктал елді мекендері.

9.Бекетаев Канат Алиппекович

Қаракеңгір селосы, әкімшілік ғимараты, әр айдың бірінші сәрсенбі күні, сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, тел.:24312

Егінді селосы, аудандық мәслихат, әр айдың бірінші бейсенбі күні, сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін, тел.: 8(71059)51010

№9 Қаракеңгір сайлау округі

Шекаралары: Егінді ауылының орталығы Жаңабай, Ізбасар, Бұзау, Ақсай, Мақанбай, Көпжасар, Айнабай, Өуез, Огород елді мекендері

Бозтұмсық ауылының көшелері.

10.Сейтжанов Талгат

Ұлытау селосы, Абай көшесі 27 үй, аудандық мәслихат, дүйсенбі күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін,

1 бөлме, тел.: 2-13-77

№10 Ұлытау сайлау округі

Шекаралары: Ұлытау селосының - Бұлқышев, Иманжан, Жамбыл, Абай, Аманкелді көшелері.

11.Казангапов Суюндик Орынбекович

Ұлытау селосы, Ұлытау орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі шаруашылығы ММ,

әр айдың бірінші сәрсенбі күні, сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, тел.:21598

№11 Тайжан сайлау округі

Шекаралары: Ұлытау селосының -Асатов, Сатпаев, Тайжан, Сельхозтехника көшелері және Талдысай елді мекені, Талдысай елді мекеніне қарасты қыстақтар: Стандарт, Ақши, Ақтұма, Балқан, Сарыадыр, Дәуімбай, Керегетас, Колов ш/қ, Мұсабеков С. ш/қ, Құлахметов ш/қ.

12. Актаев Нурлан

Алғабас селосы, әкімшілік ғимараты, әр айдың бірінші сәрсенбі күні, сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, тел.: 8(71041)34010

Ұлытау селосы, аудандық мәслихаттың мәжіліс залы, әр айдың бірінші бейсенбі күні, сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін, тел.:21110, 21377

Шеңбер селосы, әкімшілік ғимараты, әр айдың екінші бейсенбі күні, сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін, тел.: 8(71041)32010

Қаракеңгір селосы, әкімшілік ғимараты, әр айдың үшінші жұма күні, сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін, тел.:24312

Терісаққан селосы, әкімшілік ғимараты, әр айдың төртінші дүйсенбі күні, сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін, тел.: 8(71041)33010

№12 Терісаққан сайлау округі

Шекаралары: Бетбұлақ селосының орталығы, Сарыбұлақ, Сквajiна-20, Балабатыр, Мөшке, Күйгеншілік, Шаған, Батырша, Әбушахман, Есепші, Итқара, Көлденең, Баскөз, Қосқұдық, Бөкей, Түркей, Борлықөң елді мекендері.

Көкбұлақ, Сиректас, Айқожа, Шуылдақ, Бейс, Бірманхамит, Түсіп, Амантөбе, Қызылүй, Қызылшың, Хасен, Нарынбай, Қотыр-1, Қотыр-2, Ши, Бөрлі, Теректі, Құласу, Қошқар, Алтыбай, Нарынбет елді мекендері

Көкүй, Тасқора, Кәрікөң, Мақат, Құмдыадыр, Төлебай, Қарашоқы, Ағыбай, Түйебай, Қызылтүрме, Тоба, Қызылүй, Бегімбет, Дүзен, Дабыл елді мекендері және Ұлытау селолық округіне қарасты Айыртау елді мекені, Айыртау елді мекеніне қарасты қыстақтар: Кеңсаз, Лекер, Жылықуыс, Аққора, Қособа, Қыпшақбай, Тоғыс, Жаңақора, Тұяқ, Қотыр, Қаражал, Қарағандысай, Оразбеков Б. ш/қ.

Терісаққан ауылының орталығы, Жалғызтал, Аяпан, Сарытоған, Жантелі, Бригада №3, Қоскөл елді мекендері.

«Нұрлы жолмен» — баянды болашаққа

Жолдауды талқылап, ой қозғады

толықтыра түсуде. Тәуелсіздік жылдарында сабақтастықтың үлгісін көрсетіп қана қоймай ел экономикасын өркендетіп түскеніміз төрткүл әлемге әйгілі. Өткен жылғы «Мәңгілік ел» идеясы ұлтты біріктіруші идеология болса, ендігі талап қол қусырып босқа отырмай жаңа Жол-

даудың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырып, ел болып бірлесе іске жұмылу керектігін сөз етті.

Бір сөзбен тұжырымдасақ — деді баяндамашы жаңа Жолдау бүгінгімізді саралай отырып, келешегімізге жасалынған мақсатты жоба деп танитын-

дығын айтты. Жолдаудың әр тармағы бойынша өзіңе тиесілі жұмысты тиянақты атқару баршамыздың мүддеміз болып отыр. Міндетті абыроймен орындасақ бүгінгі көрсеткішіміздің биігіміз одан әрі асқақтап, мәртебеміз асқақтай түспек — деп, сөзін аяқтады.

Жарыссөзге шыққандар Жолдауда айтылған басты міндеттер төңірегінде ой қозғап, жақсылық бәрі халық үшін істеліп жатқандығын атап өтті.

Қ.ЖҰМАБАЕВ,
Жезді кентіндегі №48 ӨСБ
басшысының орынбасары,
ӨҚҚ аға лейтенанты.

Тұсаукесер

ЖАҢА ТУЫНДЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕР МӘРТЕБЕСІ ЖЕЗДІЛІКТЕРГЕ БҰЙЫРҒАН КҮН

Мұхтар ДӘУІТОВ

Желтоқсанның соңғы күндерінде Жездідегі музейде Жезқазған қаласының, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, өлкетанушы Сағындық Қожамсейітов көпшілік ортасында кездесу өткізіп, «Қазақ елінің кіндік мекені Жезқазған Ұлы-

тау аймағы қола дәуіріндегі өркениетті мәдениетінің бесігі болған деген-тін. Мысты өлке Шыңғысханның өзін қызықтырған болса керек. Шыңғысханның Хорезммен соғысып Бұқара, Самархан мен Үргенішті жаулағандағы басты мақса-

ітов өлке тарихын зерттеу жұмысы кенже қалып отырғандығын, кейінгі ұрпақ тарихты зерттеп, насихаттауды жалғастыра береді, деп үміттенетінін айтты. Осыдан кейін сөз кезегін алған Жезқазған мұражайының директоры, «Кетбұқа» этно-тарихи мәдени шығармашылық орталығының жетекшісі Кенжалы Балкенұлы көкейдегі ойларын ағытты.

—Зерттеушілеріміздің немқұрайлылығынан болар деген ол, тарихымызда көптеген ауытқушылықтар кетіп жататындығына назаланатындығын білдіріп, біз тек қана Ұлытауды айтып, оның төңірегіндегі тарихтың ізі қалған басқа жерлерді естен шығарып жатамыз—деді. Ресейдегі Омбы қаласында зерттеу жұмыстарымен жүргенімде Байқоңыр маңайында Кетбұқа қонған үлкен қалашықтың орны жатқандығын естідім. Ұлытау кең алқапты алып жатыр. Соның ішінде тарихта орны бар Жезді, Қарсақбай, Байқоңыр, Қарақұм төңірегіне де көз жүгірткеніміз жөн — деді.

1710 жылғы Қарақұмдағы құрылтай қазақтың тағдырын шешкендігі тарихи деректермен аян болса, 1723 жылғы атақты Бұланты шайқасында қазақ жастары бірлесе қимылдаса жауына есе жібермейтіндігін ұққан соғыс болды. 1841 жылы Жезді маңындағы Кішітаудың бауырында «Хантөбеде» Кенесарыны хан сайлағандығы белгілі. Сол жолы Кенесарыны ұлықтауға келген Тәттімбет «Көкейкесті» күйін шығарып, ханға орындап беріпті. Қырыққа таяу күй шығарған Тәттімбетті кеншілердің атасы десек, бәріңіз тандануларың мүмкін. Ш.Уәлихановтың қолдауымен алтын-күміс, мыс кеніштерін сатып алған Тәттімбет сол жерлерде кен өндіргендігі де сіздерге беймәлім болар?! Осы деректердің бәрі ойдан шығарылып, айтылып жатқан жоқ. Бәрі хатқа түсіп, шежіредей шертілген нақты пайымдаулар. Байқоңыр-Бұланты өзенінің жағалауларындағы жартастардан петроглифтерді көргенде таңқаласыз. Өлгіңде өлкетанушы Сағындық айтып кеткендей, Ө.Марғұлан-ның жазбасына қарағанда Ұлытау аймағында XVII ғасырға дейін өмір сүрген 12 қаланың орны табылған екен. Сонымен қатар, Жезді бойында 4, Қарақұмда 1-еу, Кеңгір өзені

хеологтың жазбаларынан білген-біз—деді өлкетанушы Кенжалы Балкенұлы. Байқоңырдың көмірі болмаса 1928 жылы Қарсақбайда мыс қорытылмайтын еді, дей келіп қазақтар ерте дәуірден-ақ металды көмірдің қызуын қолданып балқытқанын меңзеді. Тарих беттерінен парақтап қызықты деректер келтірген өлкетанушы 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жыл толуын атап өтетін сияқтымыз—дейді. Демек, Керей мен Жәнібек сұлтандардың мемлекет байрағын желбіреткен ордасы — Ұлытаудың мерейі үстем. Боран мен аязға қарамай ортамызда болып ой толғаған ағаларымыздың бәріне рахмет айтамын, деген ауылымыздың азаматы Файзолла Жәнібекұлы: — Сағындық ағамыздың мықты өлкетанушы екендігін білеміз. Жазғандарын түрлі басылымдардан оқып, маңызылығына қатты сүйсінуші едік. Енді бүгін жаңа кітаптың тұсауын кесіп, жаңа шығармашылығыңызға құтты болсын!—айтамыз деді,

ісімізге абай болғанымыз жөн—деп аяқтады сөзін.

Бұл кездесуде Жезқазған мемлекеттік мұрағаты қорының басшысы Бағдат Байжантаев қорға өткізген тарихи құжаттарыңыздың қорда сақталып, жоғалып кетпеуіне кепілдіктер беретіндігін айтып, құжаттар келісім көрсетілген мерзімінде ғана ашып, оқып, пайдалануға рұқсат береміз—деді мұрағатшы Б.Байжантаев, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы С.Өмірбаев жаңа туындының тұсаукесерінде авторға құтты болсын айтып, бұл кітап мектеп оқушыларына, өлкетанушыларға пайдасы тиетін дүние болмақ!—деді. Қазақ дәстүрі бойынша қаламгерге зерлі шапан жапқан мұражайлықтар сирек жәдігерлер қоры экспозициясы бөлмесіне қарай көпшілікті ілестіре жөнелгенде мұражайдың негізін салған Мәкен Төрегелдиннің директор кезінде отырған кеңсесіне келіп кірдік. Кеңседегі көрініс бәз-баяғы қалпында тұр екен. Төрегі телевизордан марқұмның тірісінде



таудың бас қаласы» атты кітабының тұсаукесері жасалды.

—Алғашқы сөз жаңа кітап авторына берілгенде, ол: — қазақ халқы этносының қалыптасуының бесігі болған жер кіндігі — Ұлытау! Бұл өңірді етегін жиып, еңсесін көтерген ел, қазақ мемлекетінің тұңғыш астанасы қылды. Ұлытауды осылайша дәріптегенімізбен де мысымен әйгілі Жезқазғанның мәртебесі кішіреймейді. Президентіміздің өзі қазақтың ұлттық генетикалық коды ғарышының кеңістікке таяу тұрған Ұлытаудан басталатындығын айтқан. Ұлттың ұйысқан ұясы, тоғысқан төбесі екендігі, тұрасын айтқанда, Алаштың астанасы болғандығы баршаға аян. Мен кітабымдағы деректердің бәрін газет-журналдар, т.б. басылымдардан алып жаздым. Жошыдан бастап ең соңғы хан Кенесары, Шыңғыс әулетінен тараған Керей мен Жәнібек, Тәуке мен Хақназар, Есім, Қасым, Абылайларды халық ақ киізге көтеріп, хан тағына отырғызған. Бұл өңір ата-бабаларымыздың ежелгі қонысы боп мал шаруашылығымен қатар сауда-саттықпен, металл балқытып оны игерумен айналысқанын археологтарымыздың зерттеулерінен білеміз. Бұл аймақтарда ертеден алтын-күміс, мыс, қорғасын, қалайы өндіріліп қорытылғаны нақты дәлелденген. 1961 жылғы Жезқазғанда өткен жиында Қ.Сәтбаев Ұлытау өңірінің территориясы 110 мың шаршы шақырымнан астам ұлан-ғайыр жер көлемін алып жатқандығын айтқан. Ө.Марғұлан сол бас қосуда Жезқазған-Ұлы-

тау мысты аймақтағы Жібек жолының кедергісін алып тастау болса керек,—деді. Бағаналылардың осы аймаққа келуі жайлы тарихшылардың жазған деректерінің сан қилы аңыздармен астасып, әлі де болса дәйекті түрде зерттеле түсуі қажет екендігін айтты.

Шыңғысханның дәуіріне дейінгі орыс зерттеушілерінің айтуынша Қарақұмда Бақан Найман тайпасы өмір сүрген делінеді. Сол кездегі тұрғындар Найман туыстарымыз Қытай шекарасына тақау тұрып жатыр, біраз жұрт ғұндарға ере келгендігін айтқан. Кездесу сәтінде кітап авторы өңіріміздегі билер мен батырлар жайында да біраз толғады. Бағаналы-Балталы елі жайлы да сыр шерткен өлкетанушы Бағаналы елі туралы бөлек кітап шығармақ ойда екенін айтты. Кітаптағы



«Үлкен Жезқазған — үлкен тұлғалар туғызды» деген бөлімде кенді өлкені көркейтуге үлес қосқан даңқты адамдар, ірі тұлғалар жайындағы әңгімелерге орын беріліпті. —Өлкетанушы С.Қожамсейі-

бойында 4, жалпы, 30-дан астам қала, қыстау осы аймақтарда орын тепкенін білеміз.

Жоғарыда атап кеткен петроглифтерді салғандар Қарақорым тұрғындары екендігін атақты ар-

болмауынан тарихтың шындығына жету үшін талай архивтерді ақтарымызға тура келеді. Мынандай дамыған заманда өрескел қателіктерге бой алдырып жатсақ, кейінгі ұрпақ кешірмейді. Сондықтан әр

ол. Тарихты зерттемей-ақ өткенге үңіліп, мән бермейтін авторлардың құр долбармен жазғандарын оқығанымда өзегім өртенеді. Тіпті тарихи құжатқа терең үңілмегендіктен мерейтойлардың да атаулы жылдары нақтыланбай-ақ өтіп жатқандығына өкініш білдіретіндігін айтты.

Тарихтың өзі ауыздан-ауызға көшіп, құлаққа жететіндігін меңзей отырып, мысал келтірді. Омбыдағы мұрағаттарды қопара жүріп ізденген Қуаныш Ахметовтің «Ұлы даланың Ұлытауы» екі томдығын оқығанымда Кенесары жайындағы оқығаны, 70-жылдары 5-сыныпта оқып жүргенімде ауылымыздың ақсақалы Нарбай Мизанбаев әкемізден естігенім ойыма оралып, таң қалдым. Міне, осындай шежірелі көнекөздердің арамызда

жазылып алынған бейнекөріністер көрсетіліп жатты. Бұл жерде біраз аялдап, тайға таңба басқандай таспадағы Мәкеннің жүзін көріп, дауысын естідік. Президентіміз Н.Назарбаев 1994 жылғы 3 қарашада тау-кен балқыту ісі мұражайында болып, балқыма құйып жатқан сәтіндегі көріністі тамашаладық. Оң жақ қапталдағы темір торлы есік ашылғанда бірден көзімізге шалынғаны Бабыр би бабамыздың шапаны болды. Жезқазғандық мұрағат басшысы Б.Байжантаевтың заматында шабыты келіп:

Бір кездері жабық-тын темір есік,
Темір есік емес-тін жеңіл есік.
Бабырдай бабамыздың шапанымен,
Қауышып тұрмын бүгін еңіресіп — деп өлең жолдарын кесіптіп жіберді. Осы музейдің негізін қалаған М.Төрегелдин жинақтаған сирек қор экспозицияларынан көпшілік академик Ө.Марғұлан-ның жеке мұрағаты жиынтығымен, жерлестеріміздің жоғарғы наградаларымен және жеке құжаттарымен танысып, көптеген сирек кездесетін жәдігерлерді көрді. Көрмеге келген қонақтар мұражай директоры Зейіп Қазанбаеваға әрі ұжым қызметкерлеріне алғыстарын айтып жатты.

ЖЕЗДІ кенті.

Мемлекеттік Рәміздер

ЕЛТАҢБАҒА ЖАҢА СТАНДАРТТАР ЕНГІЗІЛЕДІ

2015 жыл еліміз үшін елеулі өзгерістермен басталып отыр. Басқаларын айтпағанда, Мемлекеттік Рәміздердің бірі – Елтаңбамыздың өзіне жаңа стандарттар енгізілмек. Бұл өзгерістер үстіміздегі жылдың 1 шілдесінен бастап өз күшіне енеді, – дейді astana.kz хабарына сілтеме жасаған ел газеті «Егемен».



Қазақстан стандарттау институты директорының орынбасары Нұртас Өтешев өзінің бұқаралық ақпарат қызметкерлеріне берген сұхбатында өзгеріс енгізудің себебін де түсіндіріп өткен.

– Уақыт ағымына сай, кез келген мемлекеттік таңбаның өзгеріп, ескіруі ол заңдылық. Елтаңба да сондай. Стандарттарды енгізу жұмысы 2010 жылы қолға алынған болатын. Нәтижесінде, негізгі 6 өзгеріс енгізілді. Ол Елтаңбаның түрі, түсі, пішініне байланысты. Сондай-ақ, оның 3 жыл кепілдік мерзімі де бекітілді, – дейді Нұртас Өтешев өз сұхбатында.

Орынбасардың сөзіне қарағанда 2015 жылдың 1 шілдесі мен 2017 жылдың 1 шілдесі аралығында

стандарттар өз күшіне енетін секілді. Осы уақыт аралығында өндірушілер өз өнімдерін өзгертіп, барлық мекемелер Елтаңбаны пайдаланудың жаңа стандарттарына көшуі тиіс.

– Елтаңбада 72 уық бар. Оның біреуі кем болса, стандартты сақтамаған болып есептеледі. Мүйіздердің 7 сақинасы бар. Бұл жеті атаңды білдіреді. Керегелердің де орналасу тәсілдері бар. Ол қазақтың ұғымында үлкен мәнге ие. Оның босағасы бар, босағасында тұрған қиықтары

бар. Қошқар мүйіздер бар. Солардың барлығы Елтаңбамыздың қуатты және қасиетті екендігін білдіретін бұйымдар, – дейді. Мемлекеттік Елтаңбаның авторы Жандарбек Мәлібеков.

20 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан Мемлекеттік Елтаңба үстіміздегі жылдың екінші жартыжылдығынан бастап осындай жаңаша сипатқа енетін болды. Жаңа стандартқа сәйкес оның түсі алтын түстес, ал, аржағындағы түс аспан түстес болуы керек. Сонымен қатар Елтаңбаның бөліктеріне 40-қа жуық атау берілген.

Қазір жер-жерлерде Елтаңбаға енгізілетін осы өзгерістер жайлы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі күн тақырыбы

Соңғы бірер жылдан бері елімізде жол-көлік қозғалысындағы қауіпсіздікті нығайту мақсатында жол ережелеріне көптеген өзгерістер енгізіп, талапты күшейтіп жатыр. Бұл, әрине құптарлық жай. Алайда, осы қойылған талаптар төңірегінде дау-дамайдың туындап отырғаны да жасырын емес. Өткен жылы көлікті кез-келген жерге қаңтарған жүргізушілерге шара қолданылатын болып, кейін оның аяғы да дауға ұласып еді. Бұл жерде ойластырылмаған жайттардың көп екенін аңғарған министрлік бұл талапты кейінге шегерді. Осындай түсініспеушіліктер енді балаларға арналған автокресло төңірегінде туындап отыр.



ТАЛАП ТАҒЫ ДАУ-ДАМАЙ ТУДЫРДЫ

Оқырмандарға түсінікті болу үшін айта кетейік, үстіміздегі жылдан бастап балаларға арналған арнайы қауіпсіздік жабдықтары жоқ автокөліктерде бала алып жүруге тиым салынады. Оны орындамаған көлік иелеріне 10 мың теңге көлемінде айыппұл салынатын болды. Бұл тәсілдерге де қатысты.

Осынау өзгеріс ауылдағы ағайындарды да алаңдатып отыр. Қалаға не аудан орталығына жұмыс бабымен барса да, қыдырып барса да баласын көршілерге тастап кеткеннен басқа амалдары жоқ. Өйткені, қалалықтардың өзі таппай жатқан (барының бағасы удай) құрылғы ауылға қайдан келсін.

Міне, осы қатаң талаптан соң елдің ішінде үргін-сүргін басталды. Көлік иелері автокресло іздеп шабылса, саудагерлер оның құнын екі-үш есеге дейін арттырып жібергені айтылуда. Жоғары жақтағылар жүргізушілерге әзірге ескерту жасап,

түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырып, айыппұл салмауға уәде бергенімен, кейбір жергілікті жол полициясы қызметкерлері айыппұл салуға «қызу» кірісіп кеткен де сыңайлы. Осындай қайшылықтардан кейін ішкі Істер министрлігі автоорындықтарға қатысты қайта түсініктеме беруге мәжбүр болды. Бұл мәлімдеме қазір барлық телеарналар мен ресми сайттарда жүр.

– Жаңа заң туралы сөз болған кезде аяқ астынан бәрі автокреслоны айтып шыға келді. Заңда «балаларды ұстап тұратын құрылғы» деп қана жазылған. Ал, автокресло тек сондай құрылғылардың бірі ғана. Қазір көбісі түсінбей жатыр, уақыт өте келе бәрі үйреніп кетеді, – дейді КТК арнасының журналистеріне берген сұхбатында ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Игорь Лепеха.

Төрағаның айтуынша, балалардың бас-басына автокресло сатып алудың қажеті жоқ екен. Ол тек көліктің алдыңғы орындығына отыратындарға керек. Қалғандары «бустер» сатып алса жеткілікті. Мұнсыз 12 жасқа дейінгі балаларды машинаға отырғызуға тиым салынған.

Ал, кеше мәжілісмендер де осы дау-дамай тудырған талап төңірегінде өз ойларын білдіре бастады. Олар тіпті өздері қабылдап жіберген шалағай шараға уақытша тоқтау салуды сұрап Үкімет басшысына өтініш жазып отыр.

Үстіміздегі жылдан бастап жаңа Кодекс күшіне енді. Қабылданған жаңа Заңда көше тәртібін сақтауға қатысты да арнайы баптар қаралған. Соған сәйкес, енді көшеде қайыр-садаққа сұрап, құмалақ ашып, тәнін сатқан жандар да жазаға тартылатын болады. Тіпті, алаңда айқайлап, қолынан сүйреп шақыратын такси жүргізушілер мен пәтерін жалға берушілер де мұндай шарадан шет қалмақ емес.

Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары елімізге шетелдерден келген қайыршылардың қаптап кеткені рас. Әсіресе, Өзбекстан мен Тәжікстан елдерінен ағылып келгендер базар мен аялдамаларды мекен етіп алған. Сорақысы, көше кезген тілемістер мұндай қадамға балаларын да итермелейді. Автовокзалдар мен базарларды былай қойғанда жұртшылық көп жүретін көшелер мен алаңдарда, дүкен алдында жол бермейтін болды. Мұндай жандар ауылдарды да аралап, нәпақаларын айырып жүретіні мәлім.

Қабылданатын құжат күшіне енгеннен кейін біз осы келімсектерден құтылатын болдық. Шетелден келген қайыршыларға әуелі айыппұл салынып, кейін қамауға алынады. Ал заңға бағынбағандар тіпті елден

Қайыршыларға айыппұл салынып, қамауға алынады



қуылатын болады, – деп хабарлайды орталық БАҚ-тар.

Әріптестеріміздің ресми сайттардағы ақпаратына қарағанда қалаларда жұрттың мазасын алып, қайыр сұрап, құмалақ тартып жүргендердің қатары бүгінде

өлдеқайда азайған сыңайлы. Қазір бір түйір нанын қайыр сұраумен тапқандар көп жиналатын жерлерде тәртіп сақшыларының да жұмыс тәртібі күшейтілген. Алақан жайғандар әдетте адам көп жиналатын жерлерді жағалайды.

Ал құзырлы орган өкілдері қайыршылармен бірге, балгер мен арсыз кәсіппен айналысатын жезөкшелерді де қатаң жазалайтын болды. Түнгі көбелектер қызметін ұсынып, маза бермесе полиция шақыртуға болады. Бұдан былай, қабылданған жаңа заңға сәйкес, түрлі қызметтерін ұсынып, қалталарын қалыңдатқысы келгендер айыппұл төлеп, темір торға тоғытылады.

–Қоғамдық орындарда қайыр сұраған жандар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 5 айлық есептік көрсеткіш түрінде айыппұл салынады. Егер ол адам заңға бағынбай кәсібін тоқтатпаса, айыппұлды екі есеге артық төлейді. Сонымен бірге, ол азаматтың шетелден келгені анықталса, бес тәулікке қамауға алынады, – деді Қарағанды облыстық прокуратура басқармасының аға прокуроры Асхат Қасенхан 31 арна журналистеріне берген сұхбатында.

Бұл шаралар қалада қоғамдық тәртіпті сақтаумен қатар түрлі қылмыстың алдын алуға да өз ықпалын тигізери анық.

**Бетті дайындаған:
Ізтай БЕЛГБАЙҰЛЫ.**

Кемсітуге жол берілмейді!

Қоғамда ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің нақты теңдігін қамтамасыз ету уақыт талабы. Соның ішінде мемлекет үшін әйел-ананы қорғау ерекше мәселе. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында осы мәселеге айрықша тоқталған. Онда «Мемлекет үшін және менің жеке өзім үшін де ананы қорғау – ерекше мәселе. Біздің халқымыздың өз мәдениеті, өз дәстүрі мен салты бар. Әйел заты әрдайым біздің қоғамның тең құқылы мүшесі, ал ана – оның ең ардақты тұлғасы болды. Біз әйел затына – анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта оралтуға тиіспіз. Біз ананы қорғап, қолдауымыз керек. Мені отбасында әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету жайттарының көбеюі алаңдатады. Әйелді құрметтемеу деген болмау керек. Бірден айтайын, ондай зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі тиіс» деп атап көрсетті.

Әрбір әйел-ана отбасының ұйтықы. Қоғам өмірінің барлық салаларында Гендерлік теңдік қағидаттарын іске асыру мақсатында қабылданған «Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылдың 29-қараша күнгі Жарлығында «Отбасы мүшесінің заңды құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсететін, оның тәнін немесе жан дүниесін қинап, моральдық зиян келтіретін отбасының бір мүшесінің екінші мүшесіне кез-келген қасақана іс-әрекеті отбасындағы зорлық-зомбылық болып танылатыны көрсетілген.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта қоғамның қарыштап дамуына қарамастан әйелдерге қатысты отбасылық зорлық-зомбылық әрекеттер тыйылар емес. Оған айғақ отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы әйелдерге

сыйламаушылық көрсетіп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту және жеке тұрғын үй немесе пәтер шегінде жасалған олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттерге қатысты істер санының азаймауы. Бұндай құқық бұзушыларға заңға сәйкес әкімшілік жаза қолдану көзделген. Нақты атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде «Жеке адамға қол сұғатын және отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар» атты арнайы бөлім бар. Ол бөлім 79-1, 79-2, 79-3, 79-4, 79-5 санды баптардан тұрады. Осы баптарда көрсетілген құқық бұзушылықтар, яғни отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы іс-әрекеттер - құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы азаматтарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй заттарына зақым келтіру және жеке тұрғын үй немесе пәтер шегінде жасалған олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, айлық есептік көрсеткіштің бірден үшке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Егер осы жоғарыда көрсетілген құқыққа қарсы әрекеттерді, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаса, айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он тәуліктен он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Отбасы-тұрмыстық қатынастар деп: бірге тұратын немесе тұрған, некеде тұрған, бұрынғы ерлі-зайыптылар, жақын туыс адамдардың арасындағы қатынастар түсініледі.

Жаратылысынан жүрегі жұмсақ, кеңпейілді қазақ әйелі төзімділігімен ерекшеленеді. Өзі қандай қиыншылыққа тап болса да, қанша

қысым, моральдық зардап шексе де көшіріммен қарайды, отбасының бірлігін, тыныштығын ойлайды. Көп жағдайларда қазақ әйеліне тән бұл қасиет оны отбасындағы қорлық пен кемсітушілікті сыртқа шығаруға да жол бермейді. «Бас сынса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» қалады. Осыны пайдаланған кейбір ер азаматтар отбасындағы теріс іс-әрекеттерін әдетке айналдырып, жанұяда жиі – жиі жанжал шығарады. Ондайларға сот қаулысымен Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4-ші желтоқсандағы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы» Заңын басшылыққа алып, құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленіп, олармен профилактикалық жұмыстар жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 59-1-бабының негізінде жәбірленушілердің ізіне түсуге, психикалық мәжбүрлеу шараларын жүзеге асыруға тыйым салатын ерекше талаптар белгіленіп, оларға айына екі рет профилактикалық әңгімелесу өткізу үшін Ұлытау аудандық ішкі істер бөліміне келу міндеті жүктелген.

Қазақстан – зайырлы мемлекет, сондықтан азаматтарымыз ар-ождан бостандығымен қамтамасыз етілуі тиіс. Елбасымыз айтқандай, еліміздің әрбір азаматы мен азаматшасы өз бетімен дәстүріміз бен заңдарымызға қайшы келетін қандай да бір іс-әрекетке қарсы тұратын, өз құқықтарын қорғайтын уақыт жетті.

Отбасы мүшелеріне, оның ішінде өмірге ұрпақ әкеліп, оны тәрбиелеп-өсіріп, тіршілікке тірек болып отырған ардақты ана мен асыл жарға, аяулы апа–сіңіліге (қарындасқа) әрдайым құрметпен қарайық.

Х.ЕРЖАНОВ,

Ұлытау аудандық сотының аға сот жасаушы.

МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Қазақстан Республикасының «Медияция туралы» Заңы 2011 жылы 28 қаңтарда қабылданып, бүгінгі күні елімізде жүзеге асырылуда. «Медияция туралы» Заңы Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін реттейді. Медиатор дегеніміз–тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалған медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады. Тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация тараптардың өзара келісімі бойынша таңдалған медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады. Медиаторлар екіге бөлінеді: олардың бірі медиация мәселесі бойынша арнайы білім алып, тәжірибе жинақтаған кәсіби медиаторлар. Ал, екіншісі–кәсіби емес медиаторлар. Заңда атап көрсетілгендей, медиаторлықты таңдаған адам өз қызметін кәсіби де, кәсіби емес те негізде жүзеге асыра алады. Жоғары білімі бар, жасы 25-ке толған, Қазақстан Республикасы Медиаторлар одағынан арнайы оқудан өткен кез-келген тұлға кәсіби медиатор бола алады.. Ал, кәсіби емес медиаторлықпен 40 жасқа толған, халық арасында беделді, адамгершілігі жоғары, ары кіршіксіз адамдардың айналысуына толық мүмкіндік бар. Олар тұрғындар жиынының ресми хаттамасы арқылы жергілікті атқару органдарына тіркелуі тиісті және де заңгер мамандығы болуы міндетті емес. Медиаторлар өз қызметтерін тек қана жеке құқықтық қатынастар бойынша жүргізеді. Мыналар: мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті және оған теңестірілген, Заңда белгілен-

ген тәртіппен сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, оған қатысты қылмыстық қудалау жүзеге асырылатын, Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам медиатор бола алмайды.

Медияция–тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі, яғни медиация–үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын медиатордың қатысуымен дау-жанжалдарды шешудің баламалы әдісі, оны тараптарды өзара келісіруге тәсілі немесе мәмілегер, бітімгер деп түсіну абзал. Ол екі жақтың еріктілік, құпиялық, тең құқылығын сақтай отырып, тараптардың өзара тиімді бітімге келуіне жол ашады. Медиацияның мақсаты–дауды шешудің медиацияның екі тарапынан да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Егер Қазақстан Республикасының Заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар медиацияның қолданылу саласы болып табылады. Қылмысты жасағаны үшін ең ауыр жаза екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет және ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын абайсызда жасалған әрекет онша ауыр емес, сондай-ақ, ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет және бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі

жаза көзделген абайсызда жасалған әрекет ауырлығы орташа қылмыс санатына жатады. Қылмыстық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дау-шарды реттеу туралы келісім жәбірленушіге келтірілген залалдың орнын толтыру және қылмыс жасаған адамның жәбірленушімен татуласуы жолымен дау-шарды реттеу туралы келісімді білдіреді. Соттың қарауында жатқан жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу бойынша медиация туралы шарт іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға негіз болып табылады.

Ең бастысы, медиатордың бейтараптығы процедураға араласуға жол бермеушілік принциптерімен ерекшеленеді. Бір-біріне талап қоюшы тараптар сотқа дейін де, сот барысында да медиаторға жүгіну арқылы өзара тиімді мәмілеге келе алады. Қылмыстық істерді қарау аясында тараптар келісімге келгеннен кейін іс сотта бейбіт келісім ретінде мақұлданады.

Қазақ халқы үшін бітімгершілік–билік айтудың ең озық өнегесі. Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасында «Медияция туралы» Заңның қабылдануы өркениет көшіне батыл бет түзеген біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығының айқын көрінісі екендігін айғақтайды.

Негізінен айтқанда, бұл Заң қазақ халқының дәстүрлі билер мен ата-бабалар тағылымын, әдет-ғұрып тәжірибесін қалпына келтіруге жасалған игі қадамның бірі. Оның тиімділігі мол деп есептесек қателеспейміз.

Ұ.ДӨУРЕНБЕКОВА,
Ұлытау ауданының
№2 аудандық сотының
бас маман-сот мәжілісінің
хатшысы.

Электронқы ақпараттық жүйелерді қамытудың жаңа қағамы

Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған, құқықтық мәдениеті қалыптасқан қоғам. Судьялардың VI съезінде Мемлекет басшысы Н.Назарбаев соттардың жұмысын жандандыруды, бұқара халықтың сот төрелігіне деген сенімін арттыруды, соттардың ашықтығы мен объективтілігін айқындайтын жаңа технологияны енгізіп, сот жүйесінің халыққа барынша қолжетімді болуын қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Сондай-ақ, Елбасы өзінің «Қазақстан-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс. Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет» деп атап көрсеткен-ді. Елбасының осы тапсырмалары қазіргі уақытта кезең-кезеңімен орындалып, сот жүйесі саласындағы бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі бағдарламасына көптеген өзгерістер енгізілуде. Соның ішінде қағазбастылықты қысқарту мақсатында көптеген игі істер атқарылу-да, яғни электронды сот жүйесін қалыптастыру мәселесі шешілуде. ҚР-ның азаматтары мен заңды тұлғалары үшін сот жүйесіне қолжетімділікті арттыру және оңтайландыру мақсатында, ағымдағы жылдың 5 шілдесінен бастап ҚР Жоғарғы Сотының интернет-ресурсында www.sud.kz «Сот кабинеті» ақпараттық жүйесі іске қосылды. «Сот кабинеті» ҚР сот органдарының электрондық сервисіне кіруге арналған бірыңғай терезе болып табылады. Аталған ақпараттық жүйеде «Электрондық өтініш беру», «Талап-арыз беру», «Хаттама көшірмесін беруге арыз», «Сот отырысының хаттамасына арыз-ескертеп», «Төлем чегін тексеру», «Сот істерін іздестіру», «Сот отырысының жазбаларын көру» және «Хабарламаларды, хабарлама қағаздарды, сотқа шақыру қағазын алу» электрондық сервисі жүзеге асырылады. Тұтынушы өзіне ыңғайлы кез-келген уақытта сот құжатын қарап, істің тарихымен, деректермен танысып, сот актісін басып шығара алады. Сондай-ақ, Жоғарғы Соттың Call-орталығы қызметіне «1401» қысқа нөміріне тегін қоңырау шалу арқылы барлық сот саласына қатысты туындаған мәселелерге жауап алуға болады.

Электрондық құжаттарды беру шарттары

Жеке тұлғалар және олардың өкілдері, заңды тұлғалардың өкілдері «Сот кабинетінде» орналастырылған электрондық нысандарды толтыру арқылы электрондық құжаттарды сотқа ұсынуға құқылы. Бұл үшін көрсетілген адамдар «Сот кабинетіне» тіркелуі қажет. «Сот кабинетіне» тіркелген адам электрондық құжаттарды беру сервисінің пайдаланушысы болып табылады. «Сот кабинетіне» авторизациялау ЖСН-нің немесе БСН-нің, парольдің және электронды цифрлық қолтаңбаның көмегі арқылы жүзеге асырылады. Арыз (өтініш) берген кезде заңды тұлғаның өкілі авторизацияны БСН арқылы жүзеге асырады. Электрондық құжаттарды беру сервисін пайдаланушы «Сот кабинетіне» авторизациялау рәсімінен өткеннен кейін: талап арызбен; сот отырысының хаттамасын ұсыну туралы арызбен; сот отырысының хаттамасына ескертумен; өтінішпен сотқа жүгіне алады.

Берілетін құжаттарға қойылатын талаптар

Сотқа ұсыну үшін арыз (өтініш) мәтіндік форматта жүктеледі (арпі 14 Times New Roman, жартылай интервал). Әрбір жеке құжат құжаттарды беру жүйесінде жеке файл түрінде жүктелуге тиіс. Файлдардың саны сотқа берілетін құжаттар санына сәйкес келуі керек. Пайдаланушы жүктейтін файлдың форматы *doc,*docx,*pdf,*jpeg сәйкес келуі тиіс. Файлдың ең үлкен көлемі 10 МВ-дан аспауға тиіс.

Талап-арыз беру

Берілетін талап-арыздардың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексімен белгіленеді. Пайдаланушы «Талап-арыз беру» сервисін таңдауды жүзеге асырады, төмендегі деректер көрсетілетін электрондық талап-арыз нысанын толтырады: облыс; талап-арыз берілетін сот; соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылған жағдайда: «төлемей» деген жолға белгі қойылады; «салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» ҚР Кодексінің 541-бабына сәйкес мемлекеттік баждан босатылған істер санаты/талапкерлер көрсетіледі; мемлекеттік баж сомасы; «электрондық үкімет» төлем шлюзі арқылы мемлекеттік бажды онлайнмен төлеген жағдайда «онлайн-төлем» жолы толтырылады; арыздың сипаты; істің санаты; даудың жалпы сомасы; процестің тараптары.

Мемлекеттік баж екінші деңгейдегі банктер арқылы, электрондық терминаторлар, банкоматтар және өзге де электрондық құрылғылар арқылы төленген жағдайда пайдаланушы құжаттарды беру жүйесіне мемлекеттік баждың төленгені туралы төлем құжатының (төлем тапсырмаларының, түбіртектердің, чектердің, т.б.) көшірмесін жүктейді. Пайдаланушы талапкер туралы деректерді (жеке немесе заңды тұлғалар үшін), жеке немесе заңды тұлға болып табылатын жауапкер туралы деректерді толтырады. Егер бірнеше адам талапкерлер немесе жауапкерлер болса, олардың әрқайсысы туралы ақпарат көрсетіледі. Электрондық талап-арызға құжаттардың көшірмелері электрондық нысанда қоса тіркеледі. Пайдаланушы тиісті файлдарды құжаттарды беру жүйесіне жүктейді. Файлдарды жүктеу аяқталған соң пайдаланушы оларды түзету мүмкіндігін пайдаланып, енгізілген деректердің дұрыстығын тексереді. Талап-арыз пайдаланушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылғаннан кейін ҚР Сот органдарының ақпараттық жүйесіне беріледі. «Сот кабинеті» ақпараттық жүйесі жаңадан іске қосылғандықтан, қазіргі таңда ол насихаттық-ағартушылық жұмыстарды қажет етуде. Өз кезегінде Ұлытау аудандық соты «Сот кабинеті» ақпараттық сервис арқылы сотқа жүгіну мүмкіндігін ұсынып, жеке және заңды тұлғаларды таныстыру жолымен ақпараттық кеңестікті кеңейтуге атсалысуда. «Сот кабинеті» арқылы электронды арыз беру әдісі тараптардың ең алдымен уақытын үнемдесе, екіншіден, жол шығынын қысқартып, үшіншіден, сот процесінің қалай жүргізіліп жатқандығы жөнінде өз үйіңізде отырып-ақ хабардар болуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қазіргі заманғы жаңа технологияны сот жүйесіне енгізу, оны кеңінен халыққа түсіндіру арқылы қолданысқа енгізу соттағы іс жүргізуді жеңілдетеді, бюрократтық кедергілерді жояды, сотқа құжат тапсыру үшін ұзақ кезекке тұруды азайтады, сот жүйесінің қызметкерлері мен халық арасындағы құжаттарды қолма-қол алу, беру секілді тікелей қарым-қатынасты мейлінше азайтады. Сондықтан да, «Сот кабинеті» ақпараттық жүйесінің жоғарыда көрсетілген артықшылықтарына мән бере отырып, аталған электронды жүйенің қызметін арттыру, қолданылу аясын кеңейту, қағазбастылықты қысқарту мақсатында, өз тараптарыңыздан қолдау көрсетіп, біркісідей атсалысуларыңыз сұралады.

С.БҰҚАРОВА,

Ұлытау аудандық сотының кеңсе меңгерушісі.

Білім ордаларында

Мағыналы өткен
семинар-сабақ

Қазақстанның Тәуелсіздік шежіресіне ширек ғасырлар өткен жоқ. Дегенмен еліміз өз Тәуелсіздігін, егемендігін нығайтып дамытуда. Қазақ елі талай қиын жағдайды бастан өткеріп, түрлі жағдайлармен бетпе-бет келді. Шүкір, міне, қазір барлық дүниежүзі таныған мемлекетке айналдық.

Тәуелсіздік күні мерекесіне орай, «№12 Ақтас Негізгі мектебі» КММ-де тарих және география пәнінің мұғалімі Айзада Мұқанованың «Қазақстан Тәуелсіздік жолында. Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы» атты жоғарғы сыныптар арасында семинар сабағы болып өтті. Мен жас маман ретінде байқағаным, мерекелік сабақтар көбіне бірсарынды ән,жыр,арнау айтылып өтілетін. Ал, Айзада мұғалімнің сабағынан үлкен әсер алдым. Сабақ өз ерекшелігімен өтті. Жалпы, семинар сабақ екі бөлімнен тұрды. I-бөлімде, мұғалімнің және 9-сынып оқушыларының баяндамалары оқылды. Ұстаз өз баяндамасында: Қазақ елінің бастан кешкенін бүгінгі күнге дейінгі қысқаша тарихын баяндап, шолу жасаса, II-бөлімінде «Оқытудағы жаңа тәсіл» бойынша оқушыларды топқа бөліп, жарыстыра отырып сабақты одан әрі қызықтыра түсті. Сабақта әртүрлі стратегиялар қолданды. «Еліміздің болашағын қалай армандаймыз?» деген тақырып бойынша оқушылар постерге сурет салып, өз арман-қиялдарымен бөлісті. Сабақ барысында «Визуальды айғақтар», стратегиясы бой-

ынша жұмыс жасауда оқушылардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін байқадым. Сабақ соңында топтарға Тәуелсіздікке байланысты көрініс қойып, өз мерекелік тартуларын арнауға тапсырма берілді. Ешқандай дайындықсыз келген шамалы уақыт аралығында оқушылардың тапқырлықтарына, шапшаңдығына риза болдым. Қорытынды бөлімде оқушылар бағаланып, мектеп басшысы Шынархан Мақсұтханқызы сабаққа деген жақсы пікірін білдіріп, мерекелік құттықтаумен сабақты аяқтады.

Болашақта Айзада Тоңболатқызының кәсіби шығармашылығының өсуіне, тәрбие мен білімді жақсы ұштастыра беретін сабақтарының көп болуына тілектеспін. Тәуелсіз еліміздің болашақ ұрпақтарын саналы етіп тәрбиелеу – біздің абыройымыз. Көкбайрақтың астында келешек ұрпағымыз еш қиындықсыз, сапалы білім ала берсін! Мереке құтты болсын! Еліміз тыныш болсын!

**Салтанат СЕЙТЖАНҚЫЗЫ,
«№12 Ақтас Негізгі мектебі»
КММ-нің шет тілі пәнінің
мұғалімі.**

«Қазақ даласының әр төбесінің, тау- тасының тарихы бар. Ұрпақ санасына соны сіңіру керек» деген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөзін өскелең ұрпақ бойыңа сіңіруде, елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу,қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, оқушыларға Қазақстан мұрасын үгіттеу мақсатында мектебімізде тарих пәнінің мұғалімі Стамқұлов Мұханбетәлидің басшылығымен өлкеміздің тарихын зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Соның бір дәлелі жақында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен жүргізілген «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында Қарағанды облыстық Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың қолдауымен ұйымдастырылған «Өлеуметтік жобалар» конкурсына мектебіміздің 11-сынып оқушысы Рахметолла Инжу мен жетекшісі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қасымов Ерден Болатұлы қатысып, «Байқоңыр ауылының туристік әлеуетін арттыру» тақырыбында жоба жұмысымен облыс бойынша 5 үздік жоба жұмысына ілігіп, Алғыс хатпен марапатталып, қайтты. Жоба мазмұнында «Озған ел тарихын таспен жазады, тозған ел тарихын жаспен жазады» демекші, айтып кеткен тарихымызды сиямен емес, қан мен тасқа қашап жазған халықтың ұрпағы екендігіміз нақты көрсетілген. Демек, өткенімізге нақты тарихи дерек болған ескерткіш – белгілеріміз таптырмас тарихи мұра. Осындай ғажайып мұраның бірі ауылымызда орналасқан «Байқоңыр» петроглифтері. Бұл ашық аспан астындағы музейдің ғұмыр жасы зерттеушілердің анықтауы бойынша біздің заманымызға дейінгі II-I ғасырларға жатады. Кешен 25 шақырымға созылып жатыр. 1000-нан астам жартас суреттері бар. Таңбалының жартас суреттері негізінен қола

дәуіріндегі өмірді суреттейді. Ауылымызда орналасқан келесі тарихи ескерткіш – Ұйтас дыңы. VI-IX 55 арасында Қазақстанда дами бастаған архитектуралық құрылыстың бір сипаты діни сенімге байланысты. Ислам дініне дейінгі қазақ жеріндегі сәулет құрылысының бір түрі –

Жас зерттеушілер жұмысы –
көңіл қуантады

құрылыс жүйесі киіз үйге ұқсас «Дың» ескерткіштері. Оның қабырғасы берік тастан қаланады. Ғимараттың бұл түрі VIII ғасырдағы Қимақ хандығы мен Қарлұқ қағанаты кезінде басым болған. Құрылыстың бұл түрінің көп сақталған жерлері: Орталық Қазақстан, Жетісу, Тарбағатай, Маңғыстау. Дың қаза болған адамды жерлеген жерге тұрғызылады. Бұланты өзенінің бойында Лақбай-Ақжар қыстағының ортасында биік дөңде Ұйтас дыңы орналасқан.

Бұланты – өзені. Байқоңыр өзенінің шығысында. Атау бұлған (зат есім) + ты(сын есім қосымшасы) негізінде жасалған. Бұл жерде бұланның көп болуымен байланысты аталған. Бұл – басын Кішітау, Майтөбе қыраттарынан алатын Байқоңыр ауылын басып

Қазіргі заманның талабына сай заманауи, ұстаз жаңашыл мұғалім деген термин қалыптаса бастады. Мен осы үлкен жауапкершілігі зор мамандықты таңдай отырып, алдымда кездескен қиындықтарды жеңіп, өз мамандығымның шебері боламын деген мақсат қойдым. Қазақстан Республикасының педагогикалық қызметінің біліктілігін арттыру курсы жайлы естігенде менде үлкен қызығушылық оянды.

Әрине, білім беру саласындағы өзгерістердің сапалы болуы мұғалімнің біліктілігіне тікелей байланысты. Өйткені, қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, таппынатын, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаздың қолында. Ал, қоғамдағы

бағалау, білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту, білім берудегі басқару және көшбасшылық. Курстағы оқыту үдерісінде қажетті оқу мен оқыту және техникалық ресурстармен қамтамасыз етіп, біздің сапалы білім мен тәжірибе алуымызға мүмкіндік жасағандары үшін Қарағанды қаласындағы «Өрлеу»

мыған, сандық технологияларда құзырлық танытатын оқушы ретінде қалыптастыруды қамтиды.

Дәстүрлі мұғаліммен құзыретті мұғалімге айналып, XXI ғасырдың мықты мінсіз оқушысын тәрбиелеуім үшін алға қойған мақсаттарыма жетуім керек. Ол үшін маған ұстаным, көзқарас, шешім, іс-әрекетімді қалыптастыру қажет деп ойлаймын. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіндесем заманды өзгертетін адам, адамды адам етіп қалып-

ҰҒАЗДЫҚ – ҰЛЫ ЖОЛ

жаңа өзгерістер ұстаздардың кәсіби біліміндегі жаңашылдықты талап етеді. Мен қайткен жағдайда біліктілігі жоғары мұғалім бола аламын деген сұрақтың жауабын осы ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының үшінші (негізгі) деңгей бағдарламасынан табатындай сенімде болдым. Құңгірт күздің қарбаласымен басталып кеткен оқуға облысымыздың түпкір-түпкірінен ұстаздар жинала бастады. Көңілдері алаңдап, сан алуан сұрақтар мазалатып отырған ұстаздарды тез арада өздерінің мықты шеберліктерімен баурап алған қос тәлімгерлеріміз Зәуре Қайырқызы мен Гүлмира Қуантайқызы толқыған көңілдерін басып, әрі қарай оқып, жұмыс жасауымызға көп ықпал етті. Ұшайлық курстың бағдарламасы бойынша мұғалімдерге қазіргі заманғы оқыту әдістері жеті модель арқылы ұсынылады. Атап айтқанда, білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету білім беру үшін бағалау және оқытуды

БАҒО» АҚФ ПҚБА институтының әкімшілігіне де ризалығымды білдіргім келеді.

Міне, қиыншылығы мен қызықтарға толы үш ай уақыт та аяқталып, үшінші деңгей жаңа форматты ұшайлық курсты аяқтағанымызды растайтын сертификатты да қолымызға алдық. Әрине, үш ай уақыт дегенің бір қараған адамға ұзақ та, қысқа да болып көрінуі мүмкін. Дегенмен, осы уақыт аралығында өз мамандықтарының шебері, екі жетекшіміздің арқасында көп тәжірибе жинап оралдық. Оқып-үйренген сайын, көріп-білген сайын оқуға деген ынтамыз арта түсті. Әр күніміздің жаңа тақырыбына, өтілген сабаққа қорытынды жасағанда, мен өзімнің көп мүмкіндіктерім бар екеніне, қолымнан келетініне сенімділігім арта түседі. Бағдарламаның мақсаты – оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі да-

тастыратын мұғалім. Сондықтан біздің мойнымыздағы жүгіміз ауыр. Келешек ұрпақты, алдымыздағы оқушыны саналы адамзат етіп оқыту — біздің абыройымыз. Осы алған білімімді алдағы уақытта өз тәжірибемде қолдана отырып, саналы ұрпақ тәрбиелеп шығарамын деп сеніммен айтамыз. Қазіргі сәтте өзгеріссіз қалу өте қауіпті. Сөзсіз, балалар мен ата-аналар мына жылдам өзгертін әлемде бағыт беріп отыратын мұғалімді қажет ететіндігі белгілі. Оған қол жеткізу үшін әрқайсымыз өз жолымызды тауып, өзгеруімді қажет деп ойлаймын. Алдағы уақытта басқа да әріптестерімді Қарағанды қаласындағы «Өрлеу» БАҒО» АҚФ ПҚБА институтының ұшайлық курсынан өтіп, дәріс алуға шақырамыз.

**Айзада МҰҚАНОВА,
« №12 Ақтас Негізгі мектебі» КММ-нің тарих және география пәнінің мұғалімі.**

Осындай тарихи ескерткіштердің бірі – Дулығалы мешіті.Қыпшақ тайпасының Бердікей атасынан шыққан Құлмұханбет Арыстанбайұлы Меккеде білім алған. Дулығалы мешіті Құлмұханбет ишанның жобасымен шамамен 1860 жылдары салынған. Тоғыз күмбезді, сыртын қаптаған қызыл кірпішті қалып жасатып құйдырып, күйдірген. Қолдан жасалған сол құрылыс материалдарының сондай қаншама уақыт өтсе де шеті мұқалмастан әлі тұр. Құлмұханбет кесенесі мен мешіті Қойлыбай кесенесінен шамамен 20-25 шақырым жерде тұр. Ауылымыздағы келесі бір тарихи ескерткіш Қойлыбай әулие кесенесі. Кесене Жезді қалашығынан солтүстік-

кіреберісінің төбесі жабық, биіктігі 8 метр. Ауылымыздың беріректегі тарихынан сыр шертетін тарихи орын — Байқоңыр көмір шахтасы.

Байқоңыр – Ұлытау ауданындағы ауыл, Байқоңыр ауылдық округінің орталығы. Аудан орталығы Ұлытаудың оңтүстік – батысында – 180 км, Қарсақбай кентінен 50 км жерде орналасқан. 1914 жылы Байқоңыр көмір кенінің ашылуына байланысты қаланған. Байқоңырда 1951 жылға дейін тас көмір өндірілген. Байқоңыр жеріндегі тас көмірді ағылшындардың игеруімен Қарсақбай металлургия зауытының құрылуы тығыз байланысты.

Қарсақбай металлургия зауытының жұмыс істеуіне негіз болған Байқоңыр жеріндегі шахтаның жұмыс істеуі негізінде игерілген көмір. Байқоңыр шахталарында игерілген көмір Қарсақбай металлургия зауытының жұмыс жасауына және үлкен жетістіктерге жетуіне үлкен үлес қосты. Бүгін де Байқоңырдағы шахталардың орындары, үйінділері, теміржол қалдықтары және көмір қалдықтары сақталған. Шахтадан шығарылған көмір Қарсақбайға теміржол арқылы жөнелтілген. Бүгінгі күні аталған теміржол орындары да сақталған.

Бүгінгі күні құрылысы жүріп жатқан Жезқазған - Бейнеу теміржолы осы аталған Байқоңыр және Қарсақбай жерлері арқылы өтеді. Бұл Жезқазған - Бейнеу теміржолын бұрын үзіліп қалған Байқоңыр – Қарсақбай теміржолының жалғасы деп білеміз. Бұл теміржол шалғай жатқан көптеген ауылдық елді мекендердің гүлденуіне және біздің ауылымыздың болашақта көркеюіне үлес қосады деп сенеміз.

**Г. НАСЫРИТДИНОВА.
Байқоңыр ауылы.**

Жасыл шырша мейрамы

Базарлықтар
жауған күн

Жылда Жаңа жыл Жезді кентінің мектеп оқушыларына тамаша сыйлықтармен жетті. Дәлірек айтқанда, оқу озаты, сахнада өнерімен ерекшеленіп жүрген №6 орта мектептің 4-сынып оқушысы Сәбина Алпысбай облыс орталығында өткен Президент шыршасына қатысып, сыйлыққа «ноутбук» алып, тәттілер салынған мол қоржынын көтеріп, үйіне қуанып қайтса, аралас орта мектеп-интернатының оқушылары аудан әкімінің шыршасынан мерейлі оралған Қайырман Тұрсынбек, Нұржан Дихан, Динара Мұханбетқали, №6 орта мектебінен Қымбат Қыздарбек, Ерболат Дайырбек, Аязан Жәнібек, Мұханбетәлі Тұрдыәлілер әрқайсысы қос симкарталы ұялы телефонмен, тәттілер салынған қалта және жұмсақ ойыншықтармен сый-сияпат көріп қайтқан болатын.

Кентіміздің әкімі Б.Әбдірайымов өзінің жеке қаражатына сатып алып дайындаған сый-қоржындарын мүмкіндігі шектеулі балаларға таратуды әлеуметтік орталықтың қызметкерлері Ақмарал Сәуарқызы мен Нұргүл Жакупбековаларға тапсырған екен. Олар шырша мерекесі қарсаңында жаңажылдық сыйлықтарды үйлерді аралай жүріп, Сандуғаш Бектұр, Қарақат Тәртіпбай, Жантөре Батырбек, Шахназар Төребай, Динара Бақтай, Іңкәр Башар, Медет Қаумет, Алмас Рамазан, Жанар Бексұлтан-дарға табыс етті. Жаны жылулыққа толы Елбасына, аудан, кент әкімдеріне балалардың ата-аналары риза болды.

Р.ИБРАГИМОВ.
Жезді кенті.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ
САЛТАНАТТЫ КЕШ
ӨТТІ

Жаңа жыл—ерекше мереке, Ол әрдайым жақсылық пен үміттердің, келер жыл өткен жылдан да жақсы болар деген сенімнің нышаны Алғабас селолық клуб үйінде «Жаңа жыл-2015» жаңа жылды қарсы алу кеші үлкен салтанатпен аталып өтті. Жаңа жылдық құттықтау сөздер берілді. Бұдан кейін ортаға шыққан Аяз ата мен Ақшақар өнер көрсеткен өнерпаздарға мерекелік сыйлығы мен тәттілерін таратты. Жыл бойына мерекелік іс-шараларға қатысып, өнерімен көзге түскен ауыл тұрғындары Ұлытау аудандық Мәдениет үйінен берілген бағалы сыйлықтармен, Алғыс хаттармен марапатталды. Жаңа жыл мерекесінде «Армандастар» әнін әуелете шырқаған Балмағанбетов Әмірбек ағай ерекше көзге түсіп мерекенің бас жүлдесін жеңіп алды. Сонымен қатар «Айгөлек» би тобы бишілерінің заманауи билері сәтті шықты Олар да клуб үйінің атынан жаңа жылдық сыйлықтарға ие болды.

Ә.БІРАЯҚОВА,
Алғабас селолық клуб үйінің
іс-шара ұйымдастырушысы.

«ЖАҢА ЖЫЛ—ЖАҢА НҰР»

Жаңа жылға арналады жаңа жыр,
Жаңа жылда шақырады бар өмір
Бақыт болып жаңа жылым келді ғой,
Құтты болсын, құтты болсын

жаңа жыл!
Жаңа жылда жаңа белден асамыз,
Жаңа жылға жырмен шашу
шашамыз.
Бейбітшілік ұранымен, жеңіспен,
Жаңа жылда тағы да алға басамыз!

Жаңа жыл — бұл әрдайым ғажайыпты, көтеріңкі көңіл-күй мен әзіл-оспақты, тосын сый мен сыйлықтарды күтумен сипатталады, бұл жағымды мерекелік әбігерге салыну, одан біздің оқушыларымыз да тыс қалмады.

№11 Қоскөл орта мектебінде Жаңа жылды тойлау дәстүр бойынша құрылған іс-шара жоспарына сәйкес даярлық сыныбы мен шағын орталық балаларына арналған «Жаңа жылда жасыл шырша жанында» атты ертеңгіліктен басталды, оларды құттықтауға ертегі кейіпкерлері және Аяз ата мен Ақшақар келді.Өз өнерлерін көрсеткен бүлдіршіндерге Аяз ата мен Ақшақар сыйлықтарын табыс етті. Мерекелік кеш келесі күні «Ертегілер еліне саяхат» атты бастауыш сыныптар аралығын-



дағы ертеңгілікпен жалғасты. Әдемі қар ұшқындары, жарқын карнавалдық костюмдегі ұлдар мен қыздарымыз алуан түрлі шарлармен жарқыраған жаңа жылдық шыршаны айнала қол ұстасып жүріп би биледі, номинациялар бойынша конкурстарға қатысты, ән айтты, өлеңдер оқыды, марапатқа көптен күткен Аяз ата мен Ақшақардан сыйлық алды, естелік үшін суретке түсті. Өртүрлі ертегі кейіпкерлері бүгінгі кешіміздің қонақтары болып, жүргізушілерге шырша тойын қызықты әрі көңілді өткізуге көмектесті. Жоғары сынып оқушыларының ұйымдастыруымен өткізілген «Кел,

Жаңа жыл ортаға» атты балмаскарад кеші өте қызықты әрі әсерлі болды. «Ең үздік костюм», «Ең үздік нөмір», «Ең үздік сынып газеті», «Ең үздік әзіл» номинациялары бойынша оқушыларымыз сынға түсті. Әр номинация бойынша бағалы сыйлықтар мен Мақтау қағаздарын арнайы құрылған комиссия мүшелері табыс етті. Осындай көңілді кешіміздің аяғы тамаша биге ұласты.

А.ТОРТАЕВА,
«№11 Қоскөл орта мектебі» КММ
тәрбие ісінің орынбасары.

ЖАҢА ЖЫЛ КЕШІ КӨҢІЛДІ



Жаңа Жыл мерекесінде ауылымыздың клуб үйі меңгерушісі Амантаева Туғанайдың ұйымдастыруымен ауқымды мерекелік кеш өтті. Жаңажылдық кешке ауыл тұрғындары, мектеп ұжымы, дәрігерлер ұжымы, жеке кәсіпкерлер шақырылды. Мерекелік дастархан жайылып, ауыл әкімі Қоңырбаев Жанкелді, мектеп директоры Дәндібаев Сағындық, бас

дәрігер Сауқымбаева Әнипа жаңа жылдық тілектерін айтып, жиылған халықты Жаңа Жылмен құттықтады. Жиналғандар ән айтып, би биледі. Түрлі ойындар ұйымдастырылып, жеңімпаздарға сыйлықтар таратылды. Кеш қонақтары мерекелік іс-шараға ризашылықтарын білдіріп, жақсы көңіл күймен тарады. Кешке көңілім толып, мұғалім-

дер ұжымы атынан мына өлең шумағын арнадым:
Келді міне, Жаңа Жыл, «Қой»
жылы келді төріме,
Құттықтаймыз Сіздерді, бірлік
болсын елімде.
«Мәңгілік ел» мұрасы «Нұрлы
жолға» ұласып,
Көкбайрағым желбіреп,
шаттық толсын көңілге.
Кешің өтті көңілді, рахмет
саған Туғанай,
Жақсы ісінді мінеки, отыра
алмадық қозғамай.
Ауылымызда еңселі

Мәдениет ошағы, Жиі өткіз осылай, іс-шараны тоқтатпай.

Ұ.СМАҒҰЛОВА,
№18 Мибулақ орта мектебінің
оқу ісінің меңгерушісі.

Баянды болғай, мүшел жас!

Жуырда №7 Сарысу орта мектебінде «Баянды болғай, мүшел жас!» атты тақырыпта ашық тәрбие сағаты болып өтті. Соңғы жылдары мектебімізде мүшел той өткізу дәстүрге айналып келеді. «Адамның бір қызығы бала деген» демекші, қазақ халқы шыр етіп дүниеге келген күннен бастап балаға арнап өткізетін той қаншама? Соның бірі мүшел той. Тұңғышбаева Марал апайдың басшылығымен 7-сыныпта өнегелі тәрбие сағаты, мүшел той өткізілді.

Тәрбие сағатының ең бір қызықты сәті — бұрынғы ата-бабамыздан қалған, бүгінгі ұрпаққа жеткен, мүшел жас туралы маңызды деректердің айтылғандығы болды. Мүшелдің таралу шеңбері өте үлкен. Ертеде мүшел жасты ерекше санап, он үште «отау иесі» деген болса, он үш жас жақсы мен жаманды, ар мен намысты, дос пен жолдасты айыра білетін кезең екенін де түсіне біледі.

Тәрбие сағатының шымылдығын 5-сынып оқушылары «Ақбаян» бишілер тобы ашты. Оқушылар жыл қайыру туралы аңызды біле отырып, мүшел есебіндегі жылдар

рет саны бойынша аталмай, 12 түрлі хайуанның атымен аталатынын еске түсірді. Әр мүшелге жеке-жеке тоқталып, тапқақтатып жырмен айтып, көрермендерді таң қалдырды. Мүшел жылдардың әрқайсысының адам өміріне тигізер әсері, ықпалы болатынын көрсете білді. Осы сияқты 12 айдың өзіндік жорамал аттарының бар екенін «жұлдыз жорамалдарға» тоқталып, әр оқушы таныстырып өтті. Оқушылар мен ата-аналардың қатысуымен «Кінә кімнен кетті?» атты көріністі ата-ана Ибраева Жұмакүл, оқушылар Ораз Сағи, Ораз Бибінұр, Назарбек Шыңғысхан, Бақыт Досжан т.б. оқушылар нақышына келтіріп рөлді тамаша сомдап, өз өнерлерін ортаға салды. Бұл тәрбие сағатына шақырылған қонақтар, ұстаздар, ата-аналар дән риза болды. Қаржас Еңлік-тің орындауындағы «Асыл әжем» әні әсем әуенімен көріктене түсті. Оқушылар «Тамаша» әнінің әуенімен асқақтатып ән салды.

Тамаша бүгінгі күн, мүшел тойым,
Балалық шақтан өтіп өскен ойым.
Тамаша осы тойда ақ ниетпен,

Ақтарса келген жиын жиған ойын,- деп өзге халықтар сияқты қазақ елінің де бала тәрбиесі жөнінде ата заманнан бері жиған-терген мол тәжірибесі бар екенін көрсетті. Бұл өнеге сағатындағы бір ерекшелік аналарымен қатар әкелердің де толық қатысып, балаларының өнерін қызықтап, өнеге сағатынан үлкен әсер алып қайтқандығы болды. Аға буын өз бойындағы ізгілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, елін, жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйретіп, қаны мен жанына сіңіріп келген. Бұл бүгінгі таңда да жалғасын табуда. Сонымен, Мүшел жасың құтты болсын, Орындалсын ойда жүрген бар арман, Таусылмайтын бақыт беріп басыңа Отбасымен аман болшы әрқашан,- деп он үш жас иелеріне, бүгінгі өткізген өнегелі тәрбие сағатымыздан осы қасиеттерді бой-ларыңа сіңіре біліңдер демекпіз.

Қаракөз АЛИАКБАРОВА,
«№7Сарысу орта мектебі» КММ-нің
ата-аналарының атынан.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛАРҒА – ТОСҚАУЫП

Біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттің жүзеге асырып жатқан шаралары да сыбайлас жемқорлық көріністеріне еш уақытта төзбейтіндігін білдіретін оң үрдістер көптеп саналады. Соның бірі ретінде Қазақстанда ең алғаш рет «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданды. Содан бері ол заңның әлеуеті де, мәні мен маңызы да күннен-күнге артып келеді. Аталған заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою, кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды басқа да адамдардың, сондай-ақ, оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге арналды. Онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидасы айқындалып, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтың түрлері, сондай-ақ, жауаптылықтың пайда болу жағдайлары белгіленді.

Мемлекеттік органдардың бақылауы мен қадағалауына, заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді. Сондықтан оларға заңдардың бұзылу себептері мен жағдайларын анықтау мен жою, азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, нормативтік-құқықтық актілердің дәл әрі біркелкі қолданылуын және нормативтік актілердің міндетті талаптарының орындалуын тексеру жөнінде жүзеге асыратын міндеттер енді. Сөйтіп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтар үшін осы заңның негізінде мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамдар мен оларға теңестірілген адамдар жауапты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» және «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауларында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев егемендік, еркіндік пен демократияға негізделген мемлекет пен қоғам құрылысының маңызды тарихи кезеңінен

табысты аяқталғанын атап өтіп, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі одан әрі дамуының стратегиялық бағытын айқындап берді. Бұл бағдарлама 1) Қазіргі жағдайға талдау; 2) Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері; 3) Бағдарлама қағидаттары; 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары; 5) Партия органдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі атқаратын міндеттері; 6) Бағдарламаны іске асыру тетіктері мен мониторингі болып бөлінеді және бес іргелі қағидатқа негізделіп құрылған.

Ел Президенті сыбайлас жемқорлықпен күрес – бұл тек ымырасыз жазалау шаралары ғана емес, сонымен қатар, мемлекет пен қоғамның толыққанды әрі кешенді жұмысы екендігін атап өткен болатын. Басты міндет – сыбайлас жемқорлықтың орын алуы ықтимал салаларды алдын ала анықтау және қызметкерлер арасындағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол беретін жағдаяттарды жою болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресуге қатысты мәселелер «ҚР АШМ АӨК МИК Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясы» ММ-де өтетін жиналыстарда ұдайы түрде қарастырылады. Осыған орай, ҚР-ның Заңнамаларын орындy және дұрыс пайдалану мақсатында, бекітілген кестеге сәйкес мекемеде ай сайын нормативтік-құқықтық сабақтар, «дөңгелек үстелдер» өткізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөніндегі маңызды іс-шаралардың бірі – жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы қарау, олардың жүгінген өтініштерінің нәтижелеріне мониторинг жасау, тұлғалар жүгінісін бірыңғай есепке алу бағдарламасы бойынша есеп жүргізу жүйесінің тиімділігі болып табылады. Сол өтініштер мен хаттардың бәріне уақтылы жауап берілді. Әрине, қашанда сыбайлас жемқорлықтың салдарын жоюмен арпалысқанша, ең тиімдісі оның алдын алу. Сондықтан, ҚР-ның «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

**С.ГРИГОРОВИЧ,
ҚР АШМ АӨК МИК Ұлытау
аудандық аумақтық
инспекциясының басшысы.**

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

**Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы
№274-IV Заңы**

- 1) тауарларды (орындалатын жұмысты және көрсетілетін қызметті) иеленуге еркін шарт жасасуға;
- 2) тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы ақпаратқа қолжеткізуге;
- 3) тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы ақпарат алуға;
- 4) қауіпсіз тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алуға;
- 5) тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) еркін таңдауға;
- 6) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) тиісті сапасына;
- 7) тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастап алуға немесе қайтарып беруге;
- 8) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтеуге;
- 9) сатушыдан (орындаушы-

- дан, дайындаушыдан) тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызмет көрсету) фактісін растайтын құжатты алуға;
- 10) ұтыс түрінде берілген (орындалған, көрсетілген) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапасы бойынша ойындардың бастамашысына (ұйымдастырушысына) кінә қоюға;
- 11) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерін құруға;
- 12) моральдық зиянды өтетуге;
- 13) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;
- 14) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де Заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Қарағанды облысы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің 8(7212) 42-63-96 сенім телефоны арқылы тұтынушылардың құқықтары туралы кеңес ала аласыздар.

Маман кеңесі

Қазақстанның әртүрлі аймақтарында ауыл шаруашылығы дақылдарына, көпжылдық екпе өсімдіктерге, шабындықтар мен жайылымдарға 50-ге жуық көпқоректі, 100-ден астам ауылшаруашылық дақылдарына тән зиянкестер, 70-тен астам аурулармен 120-ға жуық арамшөптер зиян келтіруде. Қазақстанға карантинді нысандардың еніп кетуі мен олардың елімізде таралу қаупі өдәуір. Мәселен, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметтері бойынша жыл сайын республикамызға 100-ден астам елден әртүрлі карантинді өнімдер әкелінеді. Сонымен қатар еліміз арқылы карантинді бақылауға жататын транзитті жүк тасымалданады. Сондықтан сыртқы карантиннің негізгі мақсаты еліміздің аумағын карантиндік маңызы бар нысандардан қорғау болып табылады. Елімізде солардың көп тараған түрлерінің бірі картоп рагі (ісігі) болып саналады.

Ауру қоздырғышы- Synchytrium endobioticum (Schilbersky) Percival саңырауқұлағы. Қоздырғыш хитридиомицеттер (Chytridiomycetes) класы хитридиялылар (Chytridiales) қатарына жатады. S.endobioticum саңырауқұлағының қыстық зооспорангийлері дөңгелек пішінді 30-дан 80мкм. Олардың бір жағы ойыс болады. Түйіршікті протопластың дамуына қолайсыз қыс жағдайларынан

таралуы өте баяу жүреді. Көбінесе картоп ісігі залалданған түйнектермен немесе ауруға төзімді сорттардың түйнектерінің беттеріне жабысқан залалды топырақ түйіршіктермен, ауруға шалдыққан топырақта өндірілген басқа өсімдік заттарымен таралады.

КАРАНТИНДІК ШАРАЛАР ЖӘНЕ КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

1.Картоп ісігіне қарсы кешенді

КАРТОП РАГІ (ІСІГІ)

жақсы өтуіне көпқабатты қабықпен қоршалуы мүмкіндік береді. Картопісігінің қоздырғышы жіпше түзбейтін жасуша ішіндік тоғышар болып есептелінеді. Ауру Еуропада және Азияда кең таралған. Қазақстанда кездеспеген сыртқы карантиндік нысан. Картоптың түйнегі тамыр сабағы (сталоны), сабағы, жапырағы кейде гүлі де залалданады. Тамыры ешқашан да залалданбайды. Ауруға шалдыққан мүшелер де бұлтықтар түзіледі. Олардың түсі алғаш ақ, кейін сарғайып, қоңырланады. Залалданған сталондарда түйнектер түзілмейді. Бұлтықтардың үлкендігі бұршақ көлемінен картоп түйнегіне дейін, кейде одан да ірі болады. Топырақ қар астында түзілетін ісіктердің түсі ақ, ал жер үстілік өсімдік мүшелеріндегілері жасыл болады. Картоп вегетациясының аяғына қарай ісіктер күңгірттенеді және шіриді. Егер де өнім залалданған жерден жиналса, онда картоп түйнектерінде сақтау орындарында да ісіктер өрши түседі. Бір ескеретін жағдай қыстық зооспорангийлер анабиоз жағдайында топырақ арасында 30 жылдан артық мерзімде сақталып, өнуге және картопты залалдауға қабілетті болады. Саңырауқұлақтың дамуына қолайсыз жағдайда қыстық зооспорангийлер картоптың барлық вегетация кезеңінде түзіле беруі мүмкін. Табиғи жағдайда S. endobioticum саңырауқұлағының

күрес шаралар жүйесі қолданылады. Оның мақсаты – аурудың залалданбаған ауданға өтуінен сақтау, аурудың таралуын тексеру және ошақтарын жоюға бағытталған.

2. S. Endobioticum аурумен күресуде картоптың төзімді сорттарын және ісік аурумен залалданбайтын өсімдіктерді өндірудің маңызы үлкен.

3.Топырақтың картоп рагынан тазарту үшін карбамид (100г/м2) препаратын ісікке төзімді сорт өндірілетін жерге немесе сұйық аммиак (сусыз)- 1т/га (100г/м2) немесе нитратфикация ингибиторы (2% сұйық аммиак массасынан) аралас аммиак 0,5т/га қолдану ұсынылады. Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген ауруларды болдырмау үшін бірлескен агротехникалық шаралардың жиынтығын қолдану қажет, яғни ауыспалы егісті дұрыс қолдану (дақыл алмасу), жерді уақытында, сапалы өңдеу, тұқым себу мерзімі, дақылды күтіп-баптау, тиімді гербицид беру қажет.

**А.ҮРТЕКОВА,
«ҚР АШМ АӨК МИК Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.**

Хабарлама

1941 -1945 жылдары Ұлытау ауданынан Ұлы Отан соғысына аттанып, Ленинградты қорғау кезінде қаза тапқан жерлестеріміз Мұнсызбаев Смағұл, Айдарханов Нұртаза, Уксұмбаев Тоңсай бүгінгі күні Ленинградта жерленгені мұрағат деректері бойынша толық анықталды. Осы жауынгер аталарымызға арнап Ұлы Жеңістің 70 жылдығына байланысты «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайының бастамасымен Санкт-Петербург қаласына арнайы ескерткіш орнатылмақшы. Егер де осы азаматтардың туған-туыстары, жақын бауырлары, танитын адамдары болса «Ұлыта» қорық мұражайына немесе мына телефондарға **8-(71035) 2-13-42, 87057665057** хабарласуын өтінеміз.

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайының ақпарат бөлімі.

Хабарлама

Қарағанды қаласы және Қазақстан өңірлеріндегі азық-түлік бағалары (көтерме, бөлшек сауда) бойынша ақпаратты «ҚазагроМаркетинг» АҚ Ұлытау ауданындағы ақпараттық орталығының кеңесшісі қамтамасыз етеді. Агроөнеркәсіп кешенін несиелеу, субсидиялау бойынша құжаттарын жинауға және рәсімдеуге, коммерциялық және мемлекеттік органдарында мүдделерін білдіруге көмек көрсетеді. Сонымен қатар, мерекелік іс-шараларды жүргізетін жетекші-ұйымдастырушыларын, фото-бейне операторларының қызметтерін іздестіруде көмек көрсетуге мүмкіншілігі бар. Толық ақпарат алу мекеңе-жайы: Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылы, Абай көшесі, 22, тел. 21426.

Консультант Улытауского информационного центра АО «ҚазагроМаркетинг» предоставляет информацию по ценам на продукты питания (опт, розница) по г. Караганды и по областям Казахстана. Окажет содействие по сбору и оформлению пакета документов по кредитованию и субсидированию в сфере АПК, а также представление интересов в коммерческих и государственных органах. Кроме того, имеет возможность оказать содействие в поиске ведущего-организатора торжественного мероприятия, услуги фото-видео операторов и другие. Подробная информация по адресу: Улытауский район, с.Улытау, ул.Абая, 22, тел.21426

Жастар жаңалығы

«ЖАҢАЖЫЛДЫҚ» ШАРА
ЖАСТАРҒА СЕРПІН БЕРДІ...

Жаңа жылды жұртшылық асыға күтеді. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші, атаулы мереке алдында бәріміз үлкен дайындық жасайтынмыз анық. Бәріміздің асыға күтетін, сүйіп қарсы алатын бірден-бір мерекеміздің көңілді де қызықты өткеніне не жетсін?

«Ұлытау ауданының жастармен жұмыс жасау орталығы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Толқын Асанәліқызы 2014 жылдың 30 желтоқсанында ауданның қоғамдық өміріне белсенді араласып жүрген бір топ белсенді жастарды қабылдады. Ауыл жастарын Жаңа 2015 жылмен құттықтай отырып, Алғыс хатпен шағын сый-

деріне мерекелік тарту жасауда отбасыларды құттықтады. Шара өз деңгейінде жүргізіліп, ерікті жастар жас отбасылардың алғыстарына бөленді. Барлық жас отбасыларды жастардың мәдени, қоғамдық өміріне белсенді араласуға шақырамыз!

Жаңа жыл біздің әрқайсымыз үшін ең қуанышты да тебіреністі мереке. Біз алдағы

пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін. Әрдайым қажырлы қайраттарыңыздан күш, жылы жүздеріңізден нұр кетпесін. Жаңа жыл баршамыз үшін берекелі, мерекелі жыл болсын деп тілек білдіреміз!

Студент жастардың қысқы демалыс кезінде бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Ұлытау ауданының жастармен жұмыс жасау орталығы» мемлекеттік мекемесі, аудандық Мәдениет үйі және ауыл жастарынан құралған еріктілер тобы аудандық Мәдениет үйінде 2015 жылдың 3 қаңтарында «Жаңа жыл

— жаңа жыр» атты тақырыпта ән — би кеш өткізді. Аталмыш шараға студент жастармен мектеп оқушылары қатыстырылды. Мерекелік көңіл күйімен келген ауыл жастары өздерінің жаңажылдық лебіздерін, алғыстарын білдірді. Шара соңы жастардың би кешімен қорытындыланды.

Қ. НҰРҒАЛИ,
«Ұлытау ауданының жастармен жұмыс жасау орталығы» ММ — нің инспекторы.



саяхат» атты ұранмен құттықтау акциясы жүргізілді. Еріктілер тобы Ұлытау селосында 6 жас отбасының үйінде болды. Аталмыш ұранда Жезді кентінің жас отбасысы ерікті жастар, кенттің белсенді жастарының бірі Бағлан мен Мөлдір Құланбаевтар жас отбасылардың бүлдіршін-

күндерге артқан үмітімізді онымен тығыз байланыстыра отырып, жаңа жылдың міндетті түрде аса мол жарқын және бақытты күндер сыйлайтынына біздің барлық бастамаларымызға сенімді серпін беретініне сенеміз. Жаңа жыл әрбіріңіздің отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс

мен келген ауыл жастары өздерінің жаңажылдық лебіздерін, алғыстарын білдірді. Шара соңы жастардың би кешімен қорытындыланды.

«АРДАҒЫМ —
АРДАҒЕРІМ»
АКЦИЯСЫ

Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне көмек көрсету мақсатында «Ұлытау ауданының жастармен жұмыс жасау орталығы» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен 2015 жылдың қаңтар айының 14 — ші жұлдызында жастар белсенділері, оның ішінде еріктілер тобы 83 жастағы тыл ардагері Мұханбетова Еркебаланың үйінде болды. Еріктілер тобы тыл ардагерінің үй ауласын қардан тазартты.

Еріктілер тобы Еркебала апаның батасын алып, алғысқа бөленді. Ардагерге ұрпағыңыз мың жасасын, бақытты ғұмыр кешіңіз деген тілегімізді білдіреміз!


Г.ШЫҒАНБАЕВА,
«Ұлытау ауданының жастармен жұмыс жасау орталығы» ММ — нің инспекторы.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қымбатты да асыл, аяулы Анамыз **Алтыншаш МӘКІБАЙҚЫЗЫН** 80 жасқа келген мерейтойымен құттықтаймыз! Кезінде аудандық тұрмыстық комбинатта 40 жыл бойы еңбек еткен Анамыз, дүниеге он бала әкеліп, тәрбиелеген Батыр Ана!

Біз бүгін ардақты Анамызды туған күнімен құттықтай отырып: Жан Ана, ұрпақтарың бар қасыңда, Есіктен Қой жылы да енді, міне. Құдай берген қуаттың арқасында, 80-нің қол созыпсыз сеніріне!



Батыр Ана, ешқашан мойымаған, Қиындықты кешсе де бастан нелер. Туған күнмен ақ тілек арнап Сізге, Құттықтайды немере-шөберелер.

Анажан! Өзіңізсіз — тірегіміз, Тек Сізді ардақ тұтып жүреміз біз. Шалынсын періштенің құлағына, Жолдаған мерейтойда тілегіміз! —

деген жыр шумақтарын жолдаймыз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ ғұмыр, ұрпақтарыңыздың қызық-қуанышына кенеле беріңіз.

Ақ тілекпен: балалары, немере-шөберелері —
ӘБІТ-ҚАЙСАР ұрпақтары.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ардақты анамыз **Бижамал ЖЫҢҒЫЛБАЕВАНЫ** 70 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Өміріңіз еңбекпен өрнектеліп, Қиындықты жүресіз әркез жеңіп. Аударылып уақыттың сан парағы — Қақты есікті, мінекей, 70 келіп!

Жан анамыз — шыңдағы

шынарымыз,

Өзіңізбен салтанат құрамыз біз.

70 жасқа Сіз келген мерейтойда,

Сізге біздің арналыс жыр-әніміз! —

деген жыр шумақтарын жолдай отырып, өкеміз екеуіңізге немере мен шөберелеріңіздің ортасында ұзақ та қызықты ғұмыр сүріп, мол бақытқа кенелуіңізді тілейміз.

Ізгі ниетпен: Әбіловтар әулеті.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Бижамал ЖЫҢҒЫЛБАЕВА!

Сізді 70 жасқа толуыңызбен құттықтаймыз! Сізге тілей-тініміз — ұзақ өмір, зор денсаулық, бала-шаға, немере, туған-туысқанның ортасында Алланың берген жасын жасай беріңіз. Мына өлең шумағын Сізге тарту етеміз.

Өсіп өнген бүгінде ұл-қыздарың,

Өмірді жалғастырар ұрпақтарың.

Ақылды ана, абзал жан бір өзіңсің,

Мақтанышы балалар мен немерелерің.

Келіпсіз 70 жасқа, міне, бүгін,

Шаттықпен ортамызда жүрші күліп.

Әулеттің ұйытқысы, тірегі боп,

Қуанышқа көңіліңіз тола берсін.

Ізгі ниетпен: Тілеуқабыл-Иманқажы әулеттері.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Шахуал ШАХАНҚЫЗЫ!

Сізді мерейлі 60 жасқа толған туған күніңізбен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, мол бақыт, еңбекте жемісті болуыңызды тілейміз.



Құтты болсын 60 деген жасыңыз, Жақсылық пен қуаныштан тасыңыз. Бала-шаға қызығына кенеліп, Әлі талай асулардан асыңыз.

Деніңіз сау, аман болып басыңыз, Тек жоғары домаласын тасыңыз. Ел-жұртыңның ортасында аман-сау, Күліп-ойнап, жүзге келсін жасыңыз.

Игі тілекпен: Ұлытау аудандық Қазынашылық басқармасының ұжымы.

Аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС)

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛТАУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімдігі»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Абай көшесі, 23- үй.
Тел: 2-13-72
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы - 1500 дана
Көлемі - 3 баспатабақ
Тапсырыс - 2



**Директор -
Бас редактор
ЕЛТЫНДЫ ДҮЙСЕНБАЕВ**